



# JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

## АҚЖОЛТАЙ

# БАҒЫС ПЕН АҚНИЕТ ЕЛГЕ ҚОСЫЛДЫ



Фото: 24.kz

**Жиырма жылдан бері түйткілді мәселенің түйіні тарқатылмағандықтан, Түркістан облысының Бағыс және Хиебон елді мекендері елеусіз қалып келген еді. Елеусіз болатыны, Қазақстан мен Өзбекстанның шекарасында қоныстанған қос ауылдың жері еліміздің картасына енбеді. Соның салдарынан екі ауылдың халқы басындағы баспанасының құжатын рәсімдете алмады. Басты кедергі – Бағыс пен Хиебон ауылдарының қоныстанған жері Қазақстанға қарамағаны.**

Күні кеше Премьер-Министр Аскар Мәмин Үкіметтің қаулысына қол қойды. «Түркістан облысының шекарасын өзгерту туралы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңындағы 10-баптың 1-1-тармақшасына өзгерту енгізілді». «Бағыс пен Хиебон елді мекендерінің жалпы алаңы – 795,62 гектар жерін Түркістан облысының шекарасына қосу арқылы Түркістан облысының шекарасы өзгертілсін. Түркістан облысының әкімдігі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын» деп жазылған Премьер-Министрдің қаулысында.

Ақжолтай ақпараттың мән-жайын білмекке, Бағыс пен Хиебон

ауылдарында тұратын халықтың көптен күткен сүйінші жаңалығын бөліспекке, екі ауылды еншісіне жазған Сарыағаш ауданының әкімі Мұхит Отаршиевке телефон шалдық. Хатшысы әкім «Нұр Отан» партиясының жиынына кеткенін айтты. Орынбасарының телефонын тердік. Сарыағаш ауданы әкімінің орынбасары Нұрполат Тәліпов бұл мәселемен Сарыағаш аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы Нұржан Көкеев шұғылданатынын айтып, соған сілтеді. Бірнеше жылдан бері жалғасып, шешімін таппай келе жатқан қордалы шаруаны маманнан сұрап білдік.

(Жалғасы 2-бетте)

## МӘСЕЛЕ

### ЖЕЗҚАЗҒАНДА:

# ҚАРАУСЫЗ НЫСАН, ЖЕЛГЕ ҰШҚАН АҚША

**Жезқазғанда 3 жыл бұрын салынған амфитеатр қирап жатыр. Өзен бойына, ең әдемі жерге қазақ қаққан нысан 2018 жылы «Жезкиік» халықаралық фестивалінде сән-салтанатымен ашылыпты. Қала тұрғындарының айтуынша, жоба толық аяқталмаған көрінеді. Тіпті мұнда бақылау да қойылмапты. Бақылау болмаған соң, нысан ұры-қары мен қаңғыбастардың мекеніне айналып, әбден тоналған, тозған.**



орнатылған мәрмәр тастарға сайқымазақтардың суретін салып, қаланың мәдени орталығын жын-ойнақтың мекеніне айналдырып жіберіпті. Айналасы толған бос шиша, шашылған күл-коқыс.

Амфитеатрды салуға 150 миллион тенге жұмсалған. Қазіргі кейпіне қарасаңыз, 150 мың тенгеге татымайды.

(Жалғасы 3-бетте)

Әлдекімдер орындықтарды сындырып, сахна мен коршаудың тас-талқанын шығарыпты. Тіпті сәндік үшін

## ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы бойынша оңтүстіктен солтүстікке қоныс аударғандардың алдына биыл 5-6 жылдан асып барады. Теріскейді қазақыландыруға үлес қосу үшін көпке үлгі болып, алдымен өзі көшіп барған Нұржамал Тамбетова бүгінде көптің алғысына бөленіп отыр. Ол 2015 жылы Шымкенттен Солтүстік Қазақстан облысының Мағжан Жұмабаев ауданына көшіп барған. Содан бері бұл өңірге Н.Тамбетованың үгіт-насихатымен бір аз шаңырақ қоныс аударып үлгеріпті. Мәселен, облыс көлемінде емес, ауданның өзіне бүгінге дейін 217 отбасы, яғни 796 адам көшіп барған. Біз қаңыраған ауылға ел қондырып, аңқасы көпкен ағайынға жылылық сыйлап жүрген, бүгінде Мағжан Жұмабаев аудандық білім бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарып отырған Нұржамал Тамбетованы әңгімеге тартып, теріскейге табан тіреген жұрттың жағдайын сұрадық.

Нұржамал ТАМБЕТОВА:

## МАСЫЛДЫҚ ПСИХОЛОГИЯДАН АРЫЛМАЙ, ТЕРІСКЕЙГЕ КӨШПЕҢІЗ!



**Jas qazaq:** Өзінің мұрындық болып бастаған көштің жайы қалай болып жатыр? Барған жұрт байыз тауып, елге сінісіп, жерініп қалған шығар?


**Н.Тамбетова:** Қоныстандыру өте жақсы жүріп жатыр. Алдыңғы жылғыдан былтыр жақсы, былтырғыдан биыл жақсы дегендей. Президенттің өзі бұл жұмысты қадағалап отыр. Бақылау тағы бар. Бұрынғыға қарағанда көшке облыс әкімдерінің қызығушылығы артып, ықыласы түскен. Тіпті ауыл әкімдерінің өзі бұл шаруаға белсене араласуда. Неге? Өйткені, ауылдың жағдайын көтеру үшін ауылда тұратын халық керек екенін түсінді. Мектеп жабылмау үшін оқитын оқушы керек екенін білді. Жергілікті тұрғындардың өзі ауылға адам керек екенін, мемлекет су тартып, жол салып, газдандыру үшін елді мекенде тұрғын болу керек екенін ұғынды. Сондықтан да мейлі ауыл, аудан, облыс әкімдері болсын, жергілікті халық болсын, ауылға адам толтыруды басты мақсат етіп жатыр. Көштің жайы біз келген 2015 жылдан әлдеқайда жақсы.

**Jas qazaq:** Қостанай облысында Шилі, Милицай деген елді мекендер мектепке бала санын толтыру үшін көшіп келетін отбасыларды шақырып жатыр. Мемлекеттің көмегінен бөлек, ауыл тұрғындары әр отбасыға 5 ірі кара, 5-6 кой-ешкі беретіндерін айтыпты. Сіздер жақта мұндай игі бастамалар бар ма?

**Н.Тамбетова:** Бар, әрине. Мағжан Жұмабаев ауданында Сұлшоқы деген ауыл бар. 2017 жылы сол ауылдағы мектепте 9 бала қалыпты. Мектеп жабылатын болды. Содан әлгі ауылға Талдықорғаннан бір келіншек 7 баласымен көшіп келді. «Мектепті жаппаңыздар. Оқу жасындағы балаларым бар. Ауылдың қайтадан бой көтеруіне біз де өз үлесімізді қосамыз» деп әкімге өтінішін айтты. Содан әлгі ауылдың Қайрат Жәнібеков деген кәсіпкер азаматы өз қаржысына бірінші жылы 5 үй, екінші жылы 10 үй салды. Көшіп келген отбасылардың әрқайсысының қорасына 10 бас ірі қарадан мал берді. «Үш жылға дейін төлін алып, басын қайтарып берсеңдер болды» деген ағайынгершілік шарт қойды. Биыл ауылға жаңа мектеп салуды жоспарға енгізіп отыр. Сөйтіп Сұлшоқыда үш жылдың ішінде оқушы саны 9-дан 45-ке көбейді. Балабақшадағы балалармен қосқанда алпыстан асады.

(Жалғасы 3-бетте)

## ҚАЗАҚЫ РЕАЛИЗМ



# ҚУЫҚТАЙ ПӘТЕРДЕ 600 АДАМ «ТҰРАДЫ»

Нұр-Сұлтан қаласында 43 шаршы метр пәтерде 600 адам тіркеуде тұрған. Пәтер иесі азаматтарды жән-жосықсыз тіркей беріпті. Оған әкімшілік хаттама толтырылып, 600 азамат тіркеуден шығарылды.

Дереккөзі: Хабар 24



## БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)  
**68,17**

DOLLAR  
**429,5**

EURO  
**524,5**

РУБЛЬ  
**5,8**



**JAS QAZAQ  
ГАЗЕТИНІҢ  
TELEGRAM-  
КАНАЛЫНА  
ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**



АҚЖОЛТАЙ

(Басы 1-бетте)

**Jas qazaq:** Осы мәселені өзіңіз қолға алыңыз. Үкімет басшысы Аскар Мәминнің қаулысы күшіне енді. 2000-жылдардың басында жүргізілген ратификация кезінде картаға еңбей қалған екі ауылдың тыныс-тіршілігін өзіңізден сұрап білмекке хабарласып отырмыз.


**Нұржан Көкеев:** Жақсы, қандай сауалдарыңызға да нақтылықпен, бүкпелісіз жауап беруге әзірмін. 2004-2005 жылдары Қазақстан мен Өзбекстан Республикаларының шекаралық аудандарындағы жерлер картаға енгізіліп, делимитация, демаркация жұмыстары жүргізілді. Екі мемлекеттік шекара белгіленіп,



**Нұржан Көкеев:** Бұл – екі ауылдың да территориясын қосып есептегендегі жер. 750 гектары Бағыс ауылына тиесілі, 45,62 гектар Хиёбонға қарайды. Бағыс ауылына қарайтын жердің 112 гектары өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, басқа да мақсаттарға пайдалануға бөлінген жер.

**Jas qazaq:** Бағыстықтар Нұр-Сұлтан қаласындағы тиісті ведомстволарға хат жазып, өздерінің мәселесін бірнеше рет көтерді. Ақыры дегендеріне жетіп, қуанышты хабарға кенеліп отыр. Шаруа шешілді, жалпы екі ауылдың әлеуметтік жағдайы қалай?

# БАҒЫС ПЕН АҚНИЕТ ЕЛГЕ ҚОСЫЛДЫ



**Нұржан Көкеев:**

Сарығаш аудандық әкімдігі бұл ауылдарды Қазақстан картасына еңбей қалды деп сыртқа тепкен емес. Бағыс ауылындағы көшелердің барлығы да тақтайдай тегіс. Асфальт төселіп, шұрық-тесік жолдары жөнделді. Көгілдір отын – газ жеткізу құбыры тартылып бітті. Үйді-үйге кіріп те тұр. Қазығұрттың Қақпақ елді мекеніндегі автоматты газ тарату стансасы іске қосылса, Қазығұрт ауданының бірнеше ауылына қоса, Бағысқа да газ келеді. 310 балаға арналған мектеп құрылысы басталады. Жобалық-сметалық құны – 1 миллиард 300 миллион тенге. Жаңа мектеп салынатын жер бөлініп берілді.

**Jas qazaq:** Осы жылы сәуірдің соңында Қырғызстанның Тәжікстанмен шекаралас Баткен облысында болған жанжал бірнеше адамның өмірін қылды. Шекаралық аймақ майдан қыл суырғандай самдағайлық танытпаса, дау-жанжал жиі тұтанады ғой өзі. Өзбек ағайындарымызбен арада өкпеге ұластыратын оқиғалар болмайтын шығар?

**Нұржан Көкеев:** Ондай оқшау оқиғалардан Алла сақтасын. Қазақ пен өзбек бауырлас ағайын есебінде, ежелден қоныс алған көрші ретінде де ынтымағы жарасып, береке-бірлігі де молайып, жарасты өмір сүріп келеді. Ондай шетін жайттар болған емес. Жер бөлісу мәселесінде екі елдің басшылары өзара ынтымақтасып, екі тарапқа да тиімді жолмен шешіліп келді.

**Jas qazaq:** Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан  
Қуаныш КӨШЕК

арнайы бағдар қағылып, белгі қойылды. Жалпы Қазақстан мен Өзбекстан елдерінің шектесетін аймақтарында жердің шекаралық ауданына белгі қою жұмыстары Сарығаш ауданы бойынша уақытында шешілген еді. Бірақ оңтүстіктің басқа аймақтарындағы өзбек ағайынмен жер бөлісу шаруасы кешеуілдеп, соның салдарынан Бағыс пен Хиёбондағы халықты Түркістан облысына қосу жұмыстары да кейінге ысырыла берді.

**Jas qazaq:** Кейінге шегеріле бергендіктен де бағыстықтар мен хиёбондықтар үй құжаттарын жасату, жерін рәсімдеу шаруасын реттей алмай, табандарынан тозды емес пе?

**Нұржан Көкеев:** Иә, солай. Екі ауылдың халқы әуре-сарсаңға түскені шындық. Дегенмен мына нәрсені нақтылап алу керек. Бағыс ауылының тұрғындары тұрғылықты мекен-жайы бойынша Ақжар ауылдық округінде тіркеуде тұр. Тек өздерінің үйін өз аттарына рәсімдеуге ауыл орналасқан жердің Қазақстан картасына еңбей басты кілттипан саналды. Енді біртіндеп

екі ауылдың халқы жерінің, үйінің құжатын рәсімдеуге кіріседі.

Бұрын Бағыс ауылы Өзбекстанның территориясы болып саналғандықтан да, ауыл тұрғындары үй салғанымен, құжатын рәсімдей алмай әуреленді. Демаркация жұмыстары жүргізіліп бітті. Енді емін-еркін үйінің, жерінің құжаттарын толығымен рәсімдей алады.

**Jas qazaq:** Хиёбон деген ауылдың атауы да өзгеретін шығар енді Қазақстан картасына енгізілген соң?

**Нұржан Көкеев:** Әрине, негізі Хиёбон деген ауылдың аты кезінде Өзбекстанға қараған кезде берілген. Хиёбон Сарығаш ауданы Құркелес ауылдық округіне қарайды. Хиёбонда 23 отбасы тұрады, бұрынғы Хиёбонның атауы бүгінде Ақниет деп аталады. Бағыс ауылында 224 отбасы тұрады.

**Jas qazaq:** Үкімет басшысының бекіткен қаулысында жазылғандай, 795,62 гектар жер Қазақстанға қарайтын болды. Ауыл шаруашылығы мақсатына пайдаланатын суармалы ма, жайылымдық па, жоқ, әлде шабындық жер ме?

Аптаның алаңы




«АЛМАТЫДА САУ АҒАШТАРДЫ ҚҰРЫЛЫС ЖҮРГІЗУ ҮШІН ШАУЫП ТАСТАУ ЕТЕК АЛДЫ. ҚАЛАНЫҢ АРХИТЕКТУРАЛЫҚ ТҮРПАТЫН ЕСЕПКЕ АЛМАЙ, АЗ ҚАБАТТЫ ҮЙЛЕРДІҢ ЖАНЫНАН ТЕМІРБЕТОНДЫ БИІК ҒИМАРАТТАР БОЙ КӨТЕРІП ЖАТЫР. ОЛАР БІР ШӨКІМ ЖЕРГЕ ҚЫСТЫРЫЛҒАН ҚҰМЫРСҚАНЫҢ АЛЫП ИЛЕУІ СИЯҚТЫ. ОСЫНЫҢ БӘРІ ЖЕРГІЛІКТІ БИЛІКТІҢ РҰҚСАТЫМЕН ЖАСАЛЫП ЖАТЫР. ОЛАР ҚАБАТ БОЙЫНША ШЕКТЕУ, ҒИМАРАТ АРАСЫНДАҒЫ АРА ҚАШЫҚТЫҚТЫ САҚТАУ, САМАЛ ЖЕЛДІҢ ҚАЛАҒА ҚАРАЙ ЕСУІ СИЯҚТЫ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ БЫЛҚ ЕТПЕЙДІ. ДРЕНАЖ-КӨРІЗ БЕН АРЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ СУДЫ БҰРЫП ӨКЕТУГЕ ШАМАСЫ ЖЕТПЕЙДІ. «2020-2024 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН «ЖАҢА АЛМАТЫ» КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҮКІМЕТТІҢ ҚАУЛЫСЫНДА ДА, «АЛМАТЫ-2025» ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫНДА ДА БҰЛ ПРОБЛЕМАЛАР ТИІСТІ ДЕҢГЕЙДЕ КӨРІНІС ТАППАҒАН».

Андрей ЛИННИК,  
Мәжіліс депутаты



Инфографика

ЭКСПОРТТАЛҒАН НЕГІЗГІ ТАУАРЛАР (\$) (2021 жыл, 1 тоқсан)



Дереккөз: Ism.kz

Әлеумет.t<sup>0</sup>

## БҮГІНГІ МЕН БҰРЫНҒЫ ТҮЛЕК

25 мамыр – соңғы қонырау күні. Дәстүрге айналған мереке. 11 жыл білім алған алтын ұясымен жас түлектер қимай-қимай қоштасады. Ал мектеп бітіргендеріне 20 жыл, 40 жыл болған бұрынғы түлектер қарашанырақпен қауышып мәре-сәре. Болашақ жастардың қолында дейміз. Мектеп бітірген жас түлекке ажарма тілек айтып, болашаққа кадам басуымен құттықтаймыз! Ал айтулы мерекені түлектеріміз қалай өткізіп жүр? Мәселе сонда!

Күні кеше Маңғыстау облысының Бейнеу ауданында дәл мектеп бітірген күні жас түлектер жаға жыртасып, бір-бірін көшеде сабап, аяусыз тепкіледі. Олардың 11 жыл бойы «шәй» деспей, дәл сол күні бір-бірінің алқымынан алғандары, әрине, түсініксіз. Тәртіп бұзғандар ұсталып, ата-анасына ескерту жасалыпты.

11-сыныпты бітіріп жатқан балалардың тәртіпсіздігі мұнымен шектелмейді. Соңғы кездері олардың арасында қымбат көлікпен кортеж жасау сәнге айналған. Кортеж – үйленген жастардың той алдында қымбат көлік жалдап, қала көшелерінде серуендейтін салтанаты. Бірақ мектеп бітіріп жатқан балалардың кортежі түсініксіз. «Тик-Ток» пен басқа да әлеуметтік желілерді ашып қалсаңыз, ақ фартук киіп, ақ бантик таққан қыздар ерсі кимылмен ебедейсіз билеп, жұрттың назарын өздеріне аудартауда. «Қыз – үйде, қылығы – түзде» деген аталы сөз қайда? Былтыр қолдарына аттестат алған үш оқушы құжаттарын қосықса тастап, дүйім жұртты дүрліктерген еді. Кейін «жаздық-жаңылдық» деп көпшіліктен кешірім сұрады. Жіпке тізе берсек, мұндай ессіз әрекет көп. Әйтеуір, мектеп бітірушілерге қатысты жаңалықтың жағымдысы тым аз.

«Біреу тойып секіреді, біреу тонып секіреді». Қазіргі жастардың қылығы даракылық па, даңғазалық па? Бізге ол жағы да түсініксіз. Кейде осылардың ессіз ісі баршылық пен тоқшылықтан асып-тасуға ұқсайтындығы көрінеді. Еліктеу де бар. Қазір балалар мектеп бітіргендеріне емес, мектептен құтылғандарына қуанады. Дәп бір әке-шешесі мен мұғалімдері 11 жыл мойнына қарғы тағып қинағандай. Бұл жасырын емес.

Бұрынғымен салыстырғанда, бүгінгі соңғы қаныраудың сәні кеткен. Алматы облысында 40 жыл ұстаз болған Нұржамал Тұрдақынбаева жас түлектердің даңғазалық қылығына даңғазалықтан көреді. Ардагер мұғалім: «Қазір жастар еліктегіш. Бір-бірінен асып түскісі келеді. Әке-шешесі де ерік берген. «Әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ». Оның үстіне, қазір тренд деген ұғым пайда болды. Жастар трендтен қалғысы келмейді», – деп түсіндірді.

Бөріне бірдей күйе жағудан аулақпыз. Мектеп бітірушілер арасында ісімен үлгі болып жүргендер де бар. Мәселен, 20 немесе 40 жылдық түлектердің кездесуінде ауылына қасылық жасап, соңынан ерген жастарға жол көрсеткен азаматтарға іштей сүйсінесін. Естеріңізде болса, былтыр Семейдің Үржар ауданына қарайтын Көктал ауылының азаматтары, яғни мектеп бітіргендеріне 20 және 30 жыл толған сыныптастар ауыл тұрғындарының игілігі үшін алып көпір салды. Қатынсу өзеніне салынған аспалы көпірдің ұзындығы 130, биіктігі 10 метрге жетеді. Құрылыс жұмысына 11 млн тенге жұмсалды. Қаржының басым бөлігін 1973, 1983 жылы туған мектеп бітірушілер шығарған. Ауыл тұрғындары да қаржылай көмектесіпті. Өткен аптада ғана Түркістан облысының Түлкібас ауданында мектеп бітіргендеріне 20 жыл толған сыныптастар тұрмысы төмен бір отбасыға үй сыйлады. Мұндай жағымды мысал көп. Кейбір ауылдарда түлектер мектебіне компьютер, құрал-жабдық сыйлап, ауылға кіреберіс салып берген. Мектепті биыл бітіріп жатқан жас түлектер осындай аға-әпкелерінен үлгі алса ғой, шіркін.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА



Аптаның ұсынысы

Ғазиз ҚҰЛАХМЕТОВ, Мәжіліс депутаты:

«Үй-жайы жоқ ер отбасы өз баспанасына қол жеткізуді армандайды. Тар үйде тұратындар кеңейткісі келеді. Өкінішке қарай, ондай мүмкіндік қазір көп адамда жоқ. Аға буынның жиған қоры өзінен аспайды. Ал жастардың табысы аз. Жабылып несие алайын десе, банк зейнеткерді жолатпайды. Жастардың айлығы мардымсыз болған соң банк оларды да жарыққамайды. Бастапқы жарнасын жиған күннің өзінде, ай сайынғы төлеміне шамасы жетпейді. Қысқасы, «тұйық көшенің» тұрғындарындай. Сондықтан баспананы бағалау, сатып алу, меншік иесінен келесі үміткерге баспана беру тәртібі мен ережелерін пысықтау қажет. Осылайша, тұрғын-үй қорын қалыптастырудың ұтымды өрі қосымша жолы пайда болар еді».



**Жедел сұхбат**

(Басы 1-бетте)

Міне, осылай жоғалып бара жатқан ауылды аман алып қалды. Солтүстіктің осындай жомарт азаматтарына бәріміз ризамыз!  
Казір Сұлшоқы – басқа ауылдарға үлгі.

Мағжан Жұмабаевтың туған ауылы Сартомардың әкімі

жұмыс іздеп келеді. Бұл өте дұрыс талап. Жұмыспен қамту жоғары деңгейде жүргізілсе, онтүстіктен көш қуйылғалы тұр. Содан кейін, кейбір ауылдарда үй жок. Бұл да солтүстікке келгісі келетіндерге келдергі деуге болады.

**Жас қазақ:** Түстіктен көшкісі келетін азаматтардың қандай талабы бар?

**Н.Тамбетова:** Айтұға да ұяласын. Үгіт-насихат

Нұржамал ТАМБЕТОВА:

**МАСЫЛДЫҚ ПСИХОЛОГИЯДАН АРЫЛМАЙ, ТЕРІСКЕЙГЕ КӨШПЕҢІЗ!**



үй салып беретін кәсіпкер іздеп отыр. Сондай жомарт жандар табылса, онтүстіктен келетін отбасыларды қоныстандыруға дайын. Бір қуантарлық жағдай, былтыр, алдыңғы жылдары үкіметке, Парламентке жіберген ұсыныстарымыздың бір-біреуі қаралмайтын. Биыл мен жіберген ұсынысты белгілі құқық қорғаушы Сәбитхан Сәрсенбаев Президентке және Парламентке жолдап, мәселе көтерді. Казір Парламентте қаралып жатыр.

**Жас қазақ:** Мағжан Жұмабаев ауданында мектебі бүгін-ертең жабылғалы тұрған, тұрғындары аз қандай ауыл, елді мекендер бар? Көшіп барғысы келетін жандарға құлаққағыс болсын дегеніміз ғой.

**Н.Тамбетова:** Қазақ ауылдарын айтып өтейін. Бейнеш ауылында Бейнеш орта мектебі бар. Ол да жабылудың алдында тұр. Бірақ елді мекенде тұратын үй жок. Шымкенттен 5 отбасы келіп еді, үй болмаған соң басқа жакқа көшіп кетті. Босап қалған үйлердің бәрі тозып кеткен. Тіпті адам тұруға жарамайды. Ауыл тұрғындары облысқа, министрлікке хат жазып жатыр. Олардың жалғыз ғана талабы бар. «Мектебімізді жаппасын. Ауылға жана үй салып беріп, онтүстіктен келетіндерді кіргізісін», — дейді. Мектепте 25 оқушы ғана қалыпты. Сартомар ауылының жайын айттым. Хлебобор деген елді мекендегі мектеп бала санының аздығына байланысты жабылғалы жатыр. Әйтпесе, мектебі жанадан салынған. Айта берсең, Солтүстік Қазақстан облысында тұрғын саны аз ауыл мен бала саны жетпейтін мектеп көп.

**Жас қазақ:** Көштің алдынан шығып жатқан қандай кедергі бар?

**Н.Тамбетова:** Дәл қазір көштің алдында көлденен жатқан ешқандай кедергі жок. Мейлі, әкімшілік тарапынан болсын, мейлі, жеке азаматтар жағынан болсын, көшке ыстық ықылас, жомарт көңіл бар. Бірақ теріскейдегі көптеген ауылда жұмыс жок. Бұл жаққа көшіп келетіндер тұрақты

**Жарас КЕМЕЛЖАН**

**Дабыл**

Апта басында мектептерде соңғы қоңырау соғылды. Онлайн қоңырау. Ал еліміздің кейбір білім ошақтарында бұл «ең соңғы қоңырау» болып қалуы мүмкін. «Ең соңғы» деп екпін түсіруіміздің себебі бар. Газетіміздің өткен санында

Қарағанды облысының Айғыржал ауылындағы Маясар Жапақов атындағы мектеп жабылудың аз-ақ алдында тұрғанын айтып, дабыл қағып өдік. Бала санының аздығына байланысты тағдыры қыл үстінде тұрған мұндай білім ошақтары Айғыржалдағы төрт жылдық бастауышпен ғана бітпесі анық. Басқа аймақтарда да көп.

Әсіресе, тұрғындары аудан немесе облыс орталықтары мен ірі қалаларға көшіп, қанырап қалған теріскейдегі ауылдардың көбінің мектебіне қара құлып салынды. Біз бұған дейін Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарындағы елі көшіп, жұрты қалған, баласы кетіп, мектебі қаныраған елді мекендердің мәселесін бірнеше рет жазған едік. Бұл жолғы нысанамызға Қостанай облысы ілінді.



екі есе көбейген. Бұдан былай солтүстік аймақтарға көшіп барған отбасының әрбір мүшесі мемлекеттен 204 мың теңге көлемінде бір жолғы көмек ақша ала алады. Одан бөлек, үй жалдап тұрсаңыз, 12 ай бойы сіздің коммуналдық

тұрғанын, атынан ат үркетін атакты ауыл болғанын айтты. — Милісайда кезінде қара түлкі де өсірілді. Шилі ауылында үш жүзден астам үй болатын, — деп бастады әңгімесін. — «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы

**МЕКТЕП ЖАБЫЛСА, АУЫЛ ТОЗАДЫ - 2**

Қостанай өңірінде 6 мектеп жабылып қалуы мүмкін



Топырағы майлы, суы нәрлі Қостанай өңірі — ежелден қазакқа құтты қоныс болған жер. Қазақтың біртуар маркасқа ұлдарының кіндігі кесілген қасиетті топырақ. Бұл өңірде алаштын айбозы Ахмет Байтұрсынұлы дүниеге келген. Халқымыздың көрнекті ағартушы-ұстазы Ыбырай Алтынсарин осы топырақта туды. Кейкі батыр, Әліби Жангелдин, Шоқан Уәлиханов, Амангелді Имановтарды тербеткен жер бесік бұл. Алайда асылдың тұяғын, алтынның сынығын өмірге әкеліп, қасақ баласына қазақтың төл алфавитін жасап, алғашқы мектеп ашқан өңірде бір емес, бірнеше білім ошағы жабылудың алдында тұр.

Қостанай облысының Жангелді ауданындағы Шилі ауылдық округіне қарайтын Шилі мен Милісай ауылдарындағы 11 жылдық екі мектеп биыл қыркүйекте жабылып қалуы мүмкін. Өйткені қазір екі білім ошағының Ыбырай Алтынсарин осы топырақта туды. Кейкі батыр, Әліби Жангелдин, Шоқан Уәлиханов, Амангелді Имановтарды тербеткен жер бесік бұл. Алайда асылдың тұяғын, алтынның сынығын өмірге әкеліп, қасақ баласына қазақтың төл алфавитін жасап, алғашқы мектеп ашқан өңірде бір емес, бірнеше білім ошағы жабылудың алдында тұр.

Шилі бұрын мал шаруашылығын негіз еткен үлкен ауыл болған. Үлкендігі соншалық, ауылдың өзі Бас Шилі, Орта Шилі, Аяқ Шилі деп үшке бөлінді. 300-ге жуық үй отырған. Қазіргі кейпі тым аянышты: небәрі қырық шақты шаңырақ қалыпты. 1966 жылы құрылған елді мекендегі мектеп жабылып қалмау үшін осында туған, осы ауылдан түлеп ұшқан азаматтар былтырдан бері арнайы қоғамдық қор құрып, ауылға көшіп келгісі келетін азаматтарды өздері іздеді. Былтыр 5 отбасын көшіріп әкелді. Оның екеуі Қызылордадан, біреуі Ақтөбеден, екеуі Қостанайдың өзінен көшіп келген. Бәріне тегін үй беріп, баспанасын әктеп-сылап, есік-терезесін, еденін салып беріпті. Онымен қоймай, әрқайсысына 5 бас ірі қара, 5-6 тұяқ қой берген. Одан бөлек, бір жылға жетерлік отын-суы мен көмірін түсіріп беріпті. Биыл көшіп келгісі келетіндерге де осы жағдай қарастырылып отыр. Бұл — ауыл азаматтарының көмегі.

Мемлекеттің беретін көші-қон қаражаты тағы бар. Оның көлемін биыл үкімет көбейтіп отыр. Мәселен, былтыр отбасының әрбір мүшесіне 35 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) көлемінде бір жолғы көмек көрсетілсе, биыл бұл сома

шығыныңызды мемлекет өтейді. Бизнес бастасаныз, өсімі төмен несие, қайтарымсыз субсидия тағы бар.

Шилі ауылдық округінің әкімі Ербол Досмағамбетовтың айтуынша, көшіп келген азаматтардың ешқайсысы жұмыссыз қалмайды. Мұғалім болса, мектептен жұмыс табылады. Одан басқа да жұмыс қарастыратындарын айтты. Мәселен, ауылдағы шаруа қожалықтарға тракторшы, механик сияқты әртүрлі жұмысқа тұрғызуға уәде беріп отыр. Е.Досмағамбетов: «Ауылды сақтап қалу үшін мектеп жабылмауы керек. Мектепке бала керек. Бір мектеп кемі 81 оқушыға толуы шарт. Сол үшін осы ауылдың тайлы-туяғы түгел жұмыла көтеріп жатырмыз. Көшіп келген тұрғындарға біреуі үйін әктеп, біреуі еденін салып, біреуі есік-терезесін сатып, әперіп жатыр. Малы барлар бір тайыншасын, бір қойын қорасынан жетектеп әкеліп берді. Қазақтың байырғы «ерулік беру» деген салтымен көшіп келгендерге қоныс шайын беріп жатқандар да бар. Өткен аптада ғана Шиліге Қызылордадан бір үй көшіріп әкелдік. Баспанасына орналастырдық. Енді жұмыс жағын реттеп, құжаттарын рәсімдеп жатырмыз. Балалары бастауыш сыныпта оқитын, көпбалалы отбасылар болса жақсы еді. Себебі көшіп келген азаматтар кемінде 4-5 жыл біздің ауылда тұрса, балалары мектебімізде оқыса дейміз. Ары қарай өздері де үйреніп кетеді», — дейді.

Еңбек етемің деген адамға жұмыс көп. Әсіресе, теріскейде мал бағамын, егін саламын деген адамға жергілікті әкімдік жер беріп, шаруасын дөңгелетіп әкетуге көмектестіңдеріңн айтып отыр.

Ендігі кезек Шилі ауылдық округіне қарайтын Милісай ауылы туралы. Милісай егіншілікті кәсіп еткен ауыл. Қызылордадан 7 отбасын көшіріп әкеліпті. Қайрат Діханов есімді кәсіпкер жігіт бас болып, ауылдың атқамінерлері көмектесіп, ауыл мен мектептің тағдырын өздері қолға алған. Көпке үлгі болатын-ақ бастама.

Ауыл тағдырына аландап, әлеуметтік желіде мәселе көтерген азаматтардың бірі — Қостанайдың тумасы, белгілі айтыскер ақын Айбек Қалиев еді. Айбекке хабарластық. Ол мұның елдік



шаруа екенін, Жас қазақ газетінің бірінші болып көтеріп жатқанын айтып, алғыс білдірді. Мектеп жабылса, ауылдың тозып, халықтың азып кететінін жеткізді. Сондай-ақ ақын қос ауылдың бұрын дүркіреп

бойынша Милісайда екі қабатты су жана білім ошағы салынған. Бала санының аздығына байланысты мектеп 9 жылдыққа түсіп қалуы мүмкін. Оның үстіне, Милісай ауылы былтыр жабылып, Шилі ауылдық округіне қарап қалғаны тағы бар. Мұның бәрі бұрынғы Торғай облысы жабылғаннан кейінгі «бір кем дүние». Ауылдан күйі кетті, жұмыссыздық жайлады. Ол кезеңде қазіргідей шаруашылық ашып, кәсіп өркендетуге өркімнің қолы жете бермеді, ешқандай көмек те болмады. Сөйтіп халық амалсыздан тіршілік үшін басқа жакқа көшті. Ал қазір жағдай басқаша. Теріскейдегі ауылдарға көшіп келетін деген азаматтарға үкімет бір реттік көмек ақша, тұрақты жұмыс, қайтарымсыз субсидия, кәсіпкерлікті дамыту үшін ең төменгі пайызбен несие береді. Шилі мен Милісайдан шыққан кәсіпкер жігіттер биыл екі өтерлік бірнеше үйдің құрылысын бастағалы отыр. Үкімет тарапынан да қаржылай көмек көрсетіледі деген сөзді естідім. Осындай мүмкіндікті пайдалануымыз керек, — деп әңгімесіне нүкте қойды.

Дәл қазір Жангелді ауданы бойынша 8 мектептің тағдыры қыл үстінде. Оның екеуі жақында ғана бала санын 81-ге толтырыпты. Қалған алты ауылға көшіп келетін отбасы, ал мектепке оқитын бала керек. Соның екеуі осы Шилі мен Милісай ауылдары.

Айтпақшы, күнгейден теріскейге басталған ұлы көшке сөзбен емес, ісімен үлгі болып жүрген азаматтардан бұдан бұрын да сұхбат алғанбыз. Арыс қаласынан Керекудің Теренкөл ауданына қарайтын Жанабет ауылына көшіп барған Нұржамал Өмірбекова қазақ көшіне бір кісідей үлес қосып жүр. Былтыр Павлодар облысына 50 отбасын орналастырыпты. Орташа есеппен бір үйде 5 адам десеңіз, 250 адам қоныс тепті деген сөз. — Аталарымыз көшпенді болған деп мақтанамыз. Бірақ өз Отанымызда тұрып, бір облыстан екінші облысқа қоныс аударуға батылмыз бара бермейді. Неге? — деп, өзімізге сұрақ қойды. Сөйтті де әңгімесін қайта жаңғалды: — Көшкісі келген адамда бақай есеп болмауы керек. Солтүстікке ең алдымен патриоттар көшкісі. Содан кейін жұмыссыздар мен баспанасыздар келсін. Себебі патриот алам ғана бұл жаққа тұрақтап қалады. Жұмысы жоқтар мен баспанасыздар да теріскейдегі жайлы өмірге тез бейімделеді. Қазір Кереку жеріне көшіп келген азаматтардың әрқайсысының айлық табысы 100 мың теңгеден кем емес. Біздің арамызда мұғалім де, тракторшы мен механик, мал дәрігері де бар. Шаруашылықпен айналысып жатқандары да жоқ емес. Арыстан көшіп келген алпыстан асқан атамыз біреудің жылқысын бағалды. Апамыз бие сауып, қымызын 800 теңгеден сатып отыр. Жалпы, еңбек етемің деп келген адамға мұнда жақсы өмір бар. Біз былтыр Павлодар облысына бағытталған көштің «панын» артығымен орындадық. Биыл да көшіп келіп жатыр, — деп әңгімесін аяқтады...


Алматы мен Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларында баланың көптігінен кейбір мектептер үш ауысыммен оқиды. Түркістан, Қызылорда, Жамбыл облыстарында пәтер жалдап, күнін өрең көріп отырғандар қаншама? Бала-шағалы сондай азаматтарға теріскейдегі тегін үйге көшіп барып, жана өмір бастауға мүмкіндік мол. Оған тәуекел керек!

**Жарас КЕМЕЛЖАН**

**Мәселе**

(Басы 1-бетте)

**ЖЕЗҚАЗҒАНДА: ҚАРАУСЫЗ НЫСАН, ЖЕЛГЕ ҰШҚАН АҚША**



Жұмыстың сапасы сол кездегі облыс әкімінің де көңілінен шықпаған екен. «Қазақстан» ұлттық телеарнасы хабарлағандай, мердігер жобасын қайта жасағанмен, жергілікті билік оны керек қылмапты. Жезқазған қалалық мәслихат депутаты Мақпал Орынбетованың айтуынша, бюджеттік тұрғыда біткен, бірақ заңды тұрғыда бітпеген нысан. «Бұл әлі «ілініп тұрған» объект. Иесіне көшпеген, яғни иесіз жатқан деп айтуымызға болады. Желге ұшқан қаржы. Бюджеттің ақшасы болған соң ешкімнің жаны ашып тұрған жоқ», — дейді ол.

Амфитеатр тұрған жер қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына тиесілі. Коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы Ержан Есетовтің айтуынша, нысан әкімдік назарында бар көрінеді. Биыл қаладағы көрнекті жерлерді абаттандыруға 40 миллион теңге қаржы бөлінген. Тендер кеш өтсе де, мердігер анықталыпты. Енді тағы бір жеке кәсіпкер тозған театрды қайта қалпына келтіреді. Бөлінген ақшаның тағы да желге ұшпасына кім келіп?

**Жарас ШӨКЕ**

Жас келсе – іске

**Әл Фараби бабамыз «Қайырымды қала тұрғындары» трактатында: «Тұрғындары бір-біріне мейірімді, қайырлы, қамқор, еңбекқор, ең бастысы, өздерінің туған қаласын ерекше сүйетін қауым – Қайырымды қаланың тұрғындары» деп жазған екен. Еліміздің үшінші мегаполисі Шымкентті қайырымды қала деп айтуға әбден лайық. Себебі мұнда өзгені қуантуға асық, жүрегі мейірім пен жылуға толы жандар көп. Қаламыздағы қоғамдық қайырымдылық қорлары бірігіп, жұмыла көтерген жүк жеңіл екенін паш етіп, ауызбіршілігі мен ынтымақтастығын үнемі дәлелдеумен келеді. Біз қайырымдылықты қайыры бар деп ұққан бірнеше ерікті туралы әңгімеленгенді жөн көрдік.**

«Ел басына кун туса, ер етікпен су кешер»  
Жерлесіміз Олжас Мамыр бастаған жастардың қайырымдылық істері – баршамағыз үлгілі үрдіс. Ерікті болу да – ерлік. Олжасты бүгінгінің батыры деп айтсақ та артықтық етпес. Оның Арыстағы жарылыстан кейін екі ай, Мақтаралды су алғанда бір ай сол жақта кара нардай қасқайып, еріктілікпен айналысқанын ұмытқан жоқпыз. Тіпті кешегі Риддердегі өртен зарлап шеккен қайғылы оқиға кезінде де алғашқылардың бірі болып бас көтерген жігіт. Қазакшылықтың қаймағы қалқыған өңірден өрлі Алтайға жол тартқан көмек керуенін де ұйымдастырған осы Олжас.

# ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛАНЫҢ ЕРІКТІЛЕРІ



Бүкіл онтүстік жұртының ыстық ықыласы мен кең пейілін арқапал апарған азаматтың ісі дүйім елді сүйсінтті.

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласының маңындағы Лесхоз поселкесінде болған өртен соң іле-шала Шымкент қаласында «Жастар ресурстық орталығы» мен «Қоғамдық келісім» мекемелері жанынан қайырымдылық штабтары құрылған болатын. «Риддер, біз біргеміз!» ұранымен зардап шеккен отбасыларға көмек ретінде азық-түлік, басқа да керек-жарактар тиелген жүк көліктері жөнелтілді.

Жуырда қалалық Қазақстан Халқы ассамблеясы ұйымдастырған қайырымдылық іс-шарасы аясында үшінші жүк көлігі Риддер қаласына аттанды. Ассамблея жанындағы түрлі диаспора өкілдері тарапынан жасақталған материалдық көмек құны 11 млн теңгеге бағаланды. 8 тоннадан астам жүк тиелген көлікте ұн, көкөніс пен жеміс-жидек, азық-түлік, сусындар және шаруашылық бұйымдары мен төсек-орын жабықтары риддерліктерге жөнелтілді.

Қазақстан Халқы ассамблеясының қайырымдылық акциясына қатысып, сөз сөйлеген Шымкент қаласының әкімінің бірінші орынбасары Шыңғыс Мұқан қала әкімі атынан осынау игі бастамаға алғысын білдіріп, елдің бірлігі ардайым осындай қиын сәттерде керек екенін жеткізді.

Шыңғыс Жұмабекұлы: «Риддерде болған апат қазақстандықтарды бей-жай қалдырмады. Әсіресе, алғашқылардың бірі болып Шымкент қаласының тұрғындары көмек қолын созуға ұмтылды. Қиын жағдайда қалған риддерліктерге шымкенттік жастар да бірінші болып қол ұшын созды. Ел басына қиындық түскенде «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып», жұмыла жұмыс істеді. Елдің ішінен жылу жинап, қайырымдылық іске бір кісідей жұмылуға барша ағайынды үгіттеді. Халық төтеннен келген қайғылы оқиғаға қабырғасы қайысып, қолдан келгенше көмегін көрсетті. Енді, міне, тағы бір автокөлік жасақталып, өртен жапа шеккен азаматтардың мұқтаждығын өтемеке жолға шыққалы тұр. Шымкент қаласынан осымен Шығыс Қазақстан облысына үшінші жүк көлігін жөнелтіп жатырмыз. Республика бойынша риддерліктерге көмек көрсету жағынан біздің мегаполис алда келеді. Бұл әлбетте, қала тұрғындарының, жастардың ынтымақ-бірлігі, азаматтық ұстанымы мен бауырмалдық сезімі жоғары екендігін көрсетеді», — деді.

Осынау игі істі ұйымдастыруға «Silkway» Халықаралық университеті, өзбек, корей, шешен-ингуш, ұйғыр, неміс этномәдени бірлестіктері, қалалық Ассамблея жанындағы Аналар кеңесі мұрындық болды.

«Қазақстан өзбектері «Дустлик» қауымдастығының» төрағасы, Қазақстан Халқы ассамблеясы кеңесінің мүшесі Икрамжан Хашимжанов: «Апат айтып келмейді» демекші, Риддер қаласында орын алған қайғылы

жағдай қазақстандықтардың баршасының жанына батты. Алайда қандай ауыр оқиға, қиындық болса да, еліміз өзінің бірлігі мен ынтымағының, Алладан тілеген берекесінің арқасында сол жамандықтарды жойып, келергілерден аман-есен өтіп келеді. Ел аман тұрғанда риддерліктер үшін бұл қиын күндер де артта қалады. Жалпы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасымен еліміздегі қайырымдылық істердің үйлестіруші міндетін атқару Қазақстан Халқы ассамблеясына жүктелген болатын. Ассамблея өкілдері жыл сайын дәстүрлі түрде қоғамда қайырымдылық істерді көбейту мақсатында кешенді іс-шаралар ұйымдастырып келеді. Биылғы жыл Қазақстан тарихында өте маңызды даталы оқиғамен тұспа-тұс келіп тұр. Ол, әрине, ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесі. Еліміздің осынау ширек ғасырдан астам уақыт ішінде бағындырған мерейлі белестеріне орай, республиканың түкпір-түкпірінде Қазақстан Халқы ассамблеясының жалпыхалықтық «30 игі іс» қайырымдылық марафоны бастау алды. Риддерге жөнелтілген гуманитарлық көмек сол қайырымдылық істердің бір көрінісі», — деді.

Ерікті Олжас Мамыр бастаған топ Шымкент қаласынан Риддер қаласына шыққан гуманитарлық көмекті 63 сағат жол жүріп, аман-есен жеткізді. Шымкенттіктердің аманатын қабылдап алған риддерліктер ақжарылып, алғысын жаудырыпты.

— Үшінші жыл қатарымен елімізге түрлі сынақ келуде. Осы сынақты жеңу үшін ауызбіршілік керек. Жұмыла көтерген жүк жеңіл, — деген Олжас қайырымдылықты ұйымдастырудың да қиындықты бар екенін айтты. — Сөздің шыны керек, Риддерге көмек беру үшін көпшіліктен көмек сұрағанымызда, бастапқыда жиналған зат аз болды. Сосын басқарма басшылары мен депутаттардан жекелеп көмек сұрауды басталдық. Қайырымды істер марафоны жалпыұлттық жобасы аясындағы игі шараға қалалық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Асқар Қаныбеков ең керекті заттардың бірі — 35 кәстрөл алып берді. Құрылыс басқармасының басшысы Ербол Ахметов және Мұрат Жолдықожаев, Асқар Әлімбаев, Нұрсұлтан Балабиев сынды азаматтар белсенді қолдау көрсетті. Мұнан бөлек, «Бал Текстиль» 50 кілем жеткізсе, бірқатар кәсіпкер азаматтар зардап

Адам баласына жақсылық жасаудан шаршамайтын, үнемі игілік пен ізгілік жолында аянбай тер төгіп жүрген азаматтың бірі — «Ізгілікте жарысайық» қоғамдық қайырымдылық қорының (ҚҚҚ) директоры Асхат Мәуленов. Бұл ұйымның негізгі ерекшелігі — мұнда бөлсенді жастардан құралған еріктілер қызмет етеді. Асхат қор жұмысы туралы Jas qazaq газетіне арнайы сұхбат беріп, Шымкент жастарының атқарып жатқан игілікті істері жайлы әңгімелеп берді.

**Жас qazaq:** «Ізгілікте жарысайық» қоғамдық қайырымдылық қоры қашан құрылды? Әңгімені содан бастасаныз.

**А.Мәуленов:** Қайырымдылық жасау — қазақ қазақ болғалы табиғатымызда, біздің ұлттық кодымызда бар қасиет. Менің түсінігімде бақыт деген — өзгені қуанту. «Ізгілікте жарысайық» қоғамдық қоры 2017 жылдың 22 қарашасында құрылды. 3 жыл бойы төгілген тер мен еткен еңбектің жемісі орасан. Нәтижеге көз жүгіртсек, қор 3 жыл ішінде 12 жоба аясында 2000 отбасының қуанышына себепкер болды.

# ЖАСТАР – ІЗГІЛІК ЖАРШЫСЫ

**Жас qazaq:** Қор жұмысының бағыттары қандай?

**А.Мәуленов:** Біз бес бағыт бойынша жұмыс істейміз. Бірінші бағыт — білім. «Балық емес, қармақ бер» қағидасына сүйене отырып, балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған, асыраушысынан айрылған аналар мен жалғызбасты әкелерге жана маман иесі атанып, қаржы көзін табуға көмек көрсету. Әл-ауқаты төмен отбасының балаларына арналған тегін курстар ұйымдастыру.

Екіншісі — спорт. Шалғай аудандарда спорт кешендерін салу және спорт секцияларын тегін және қолжетімді ұйымдастыру. Соның ішінде: футбол, шахмат, қаратэ, күрес.

Үшіншісі — әлеуметтік сала. Жастар арасындағы инновациялық бастамаларды қолдау мақсатында байқаулар ұйымдастыру. Түрлі себептермен жары қайтыс болып, жалғыз қалған азаматтарды «Балық емес, қармақ бер» қағидасына сүйене отырып, қайта мамандандыра курстарынан өткізіп, мұқтаждықтан арылған «Батыр аналарды» қалыптастыру.

Төртіншісі — қайырымдылық. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасы мүшелерін қолдау мақсатында тегін киім-кешек, азық-түлік, көмір беру. Мүмкіндігі шектеулі балалар орталықтарымен бірлесіп қайырымдылық шараларын өткізіп, инклюзивті қоғамның дамуына үлес қосу.

Бесінші бағыт — үймен қамту. Лашығының жыртығынан жасқана қарайтын асыраушысынан айрылған аналар мен үйі қораш әкелерді баспаналы ету.

Қоғам белсенділеріне оң ой салатын қайырымдылық іс-шараларын ұйымдастыру.

Тағдырдың тәлкегіне ұшырап, қиын-қыстау сәттерде басынан сипап, қолын жылытатын асқар тауы — әкесінен жастайынан айырылған бүлдіршіндерге білім және спорт элементтерін қолжетімді етіп, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

«Ізгілік — мылқаулар сөйлейтін, саныраулар еститін тіл». Заман ағымындағы қатыгез қоғамды Ізгілік тілінде сөйлеуге үйрету.

Өскеден ұрпақты тәрбиелеудегі өзекті мәселелер бойынша тренинг, семинарлар өткізіп, арқалы жастардың шығармашылық, интеллектуалдық және рухани әлеуетін дамытуға үлес қосу.

Жастардың білімін жетілдіріп, ғылыми-ізденушілік қабілеттерін қалыптастыра отырып, қоғамның дамуына бағытталған бастамаларына қолдау көрсету.

**Жас qazaq:** Жақсылықты білдіртпей, көрсетпей жаса дейміз ғой. Дегенмен сіздердің қор қаладағы ең үлкен ұжымның бірі деп айтсақ та қаралады. Қандай акцияларға қатыстыңыздар, кімдерге көмек бердіңіздер?

**А.Мәуленов:** «Ізгілікте жарысайық» ҚҚҚ қамқорлығындағы 107 ағамыздың денсаулығының жақсы болуын қалағалау мақсатында «VERUM QZ» медицина орталығымен бірлесіп отырып, «Ізгілік — жан дүние емі» атты акция аясында медициналық бақылаудан өткізді. Орталық асыраушысынан айырылған аналарға ЭКГ, флюорография, қан анализдері, терапевт қабылдауы сияқты қызмет түрлерін ұсынды.

Қоғам жанашырларымен бірге «Жылу сыйла» акциясы аясында 55 тонна көмір беру арқылы 22 отбасыға жылу сыйлады. «Мектепке жол» акциясы аясында 1-11-сынып аралығындағы 170 асыраушысынан айырылған баланы кеңсе тауарлары және сомкелермен қуанттық. «Жүрек жылуы» акциясы аясында 80 мүмкіндігі шектеулі ерекше балаларды сыйлықтармен қуанттық.

Айт мерекесіне орай қорымызда тіркелген аз қамтылған отбасыларға сыйлықтар мен тәттілер ұсындық. Құрбан айт мерекесіне орай, 55 отбасыға ет және сыйлықтар табыс еттік. «Рахмет саған, Анашым» қоғамдық бірлестігі қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілді. «Жанға жылу акциясы» аясында Шымкент көшелерінде, суық күні еңбек етіп жатқан қызметкерлерге қорымында абзал жандардан келіп түскен жана жемпірлерді тараттық.

Халықаралық кітап сыйлау күніне орай, бүлдіршіндерді кітап оқуға баулу мақсатында «Мейірімді кітап» акциясын өткіздік. 250 000 данадан астам киім-кешек таратылды. 10-нан астам мүмкіндігі шектеулі жаңға арба берілді. 3000-ға жуық зат таратылды (*ыдыс-ақ, тұрмыстық химия, көрпе-төсек*). Әр жұма «Нан тарату» акциясы бойынша 5 000-нан астам нан таратылды. Жалғызбасты әйел кісілерге тегін тігін курсы (*айына 20 анаға*) ұйымдастырылды. 200

000 теңгеден аса қаржы дәрі-дәрмек пен мұқтаж жандардың қажеттілігіне жұмсалды.

Жалпы «Ізгілікте жарысайық» ҚҚҚ-ның көрсетілген көмек пен жұмсалған қаржы жиыны — 24 000 000 теңгеге жуық.

**Жас qazaq:** Қор жанынан ашылған «Еріктілер мектебі» қандай жұмыстар атқарды?

**А.Мәуленов:** 2020 жылдың қыркүйек айының 23 жұлдызында «Ізгілікте жарысайық» ҚҚҚ



ұйымдастыруымен «Еріктілер мектебін» ашылу салтанаты болды. Алғашқы уақытта 50-ге жуық ерікті белсене атсалысып, еріктілерімізді қызықтыру мақсатында түрлі концерттік іс-шаралар ұйымдастырылып, интеллектуалдық сайыстар өткізілді. Қазіргі таңда 134 ерікті «Еріктілер мектебін» мүшесі болып табылады. Оның ішінде қала әкімінің бірінші орынбасары Шыңғыс Мұқан да бар. ПБ-нан үш азамат тіркелген. Студенттер де белсенді. Еріктілердің ең үлкені — 50 жаста, ең кішісі — 9-сынып оқушысы.

Еріктілер мектебін ашудағы мақсатымыз — жастардың жан-жақты дамуына мүмкіндік беретін ортаны қалыптастыру. «Жастардың білімге, өнерге, еңбек етуге» деген қызығушылығын арттыру.

Қорымыздың еріктілері үш бағыт бойынша жұмыс жүргізеді: білім, экология, әлеуметтік еріктілік.

**Жас qazaq:** Әлеуметтік еріктілер немен айналысады?

**А.Мәуленов:** Әлеуметтік волонтерлердің жұмысы қоғамның әлеуетін көтеруге бағытталған. Негізгі мақсат — «Шымкент — қайырымды қала» дәрежесіне лайықты екенін көрсету. Жастар арасындағы инновациялық бастамаларды қолдау мақсатында байқаулар ұйымдастыру. Олар адамгершілік қасиет танытып, біреудің қуанышына себепкер бола алады. Сонымен қатар бұл бағыт еріктілерді жанашырлыққа, кішіпейілділікке, ізгілікке, ең бастысы, жан тазалығына үйретеді.

Күнделікті күйбен тіршілік, қым-қуып шаруа, бос уақытымыздың болмауы, біздің көзімізге көрінбесе де, бір-бірімізге деген мейірімдімізді, жылы сөздерімізді ұрлап жатқандай. Қоғамдағы осындай мәселелерді шешу үшін кішкене болса да, септігімізді тігізіп, жүректен-жүрекке жылу сыйлау мақсатында «Ізгілікте жарысайық» ҚҚҚ 3 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Ізгілік — жүректен, қайырымдылық — білектен» атты акциясы аясында, «Ізгілік» еріктілері таңғы уақытта көше қиылыстарында тұратын полиция қызметкерлеріне және «Эко Сана» қозғалысын жалғастырып, «ЛТД Тұрмыс» ЖШС қызметкерлеріне ыстық кофе және тәтті құлше сыйлау арқылы көңілдеріне қуаныш, жүректеріне жылу сыйлап жүр.

«Ізгілікте жарысайық» қоғамдық қоры былтыр «Жанға жылу» қайырымдылық акциясы аясында әлеуметтік жағдайы төмен 4500-ге жуық отбасыға азық-түлік өнімдерін үлестірді.

Шымкент қаласы Абай ауданы аппараты ұйымдастыруымен өткен — «Жомарт жүрек-2020» сыйлығының лауреаттарын салтанатты құттықтау рәсімінде «Ізгілікте жарысайық» қайырымдылық қоғамдық қоры «Жылдың үздік ұйымы» номинациясында жеңіске жетті. Одан соң жылдың «Үздік корпоративтік волонтер» номинациясы иегері атанды.

Қоғам болған соң әр түрлі жағдайлар орын алады. Сенімсіздіктен туындайтын жағдайлар да болып тұрады. Қорда «Әлеуметтік дүкен» жобасы аясында «Киім-кешек» деген жоба бойынша екі азамат істейді. Базар басшыларымен, саудагерлермен сөйлесіп, дүкенге киім алып жатырмыз. Ай сайын әр бутик бір киімнен берсе, пәленбай киім жиналады екен. Қала тұрғындары қайырымдылық шараларына бей-жай қарамайды. Әлеуметтік желі арқылы бізбен байланысқа шығып, киілмей қалған таза киімдерді әкеліп, бір отбасының қуанышына себеп болып жүр.

## ҚАЙЫРЫМДЫ БОЛУ — МІНЕЗДЕН

Асхат Мәуленовтің сөзінен Шымқалада қайырымды жандардың көп екеніне көз жеткізгендей болды. Бір айда бірнеше рет келіп, көмектесетін азаматтар бар екен. Олар аты-жөнін атамауды қалайды. Расымен, кез келген салада елжанды азаматтарымыз баршылық.

Осындай жылулық пен жанашырлық лебі ескен жақсы жанапалықтарды естігенде Төле би бабамыздың «Бір үйдің баласы болма, Көп үйдің санасы бол. Бір елдің атасы болма, Бар елдің данасы бол» деген даналық сөзі ойға оралды. «Басқаны да ойлау — адамдықтың белгісі» екенін ұғынып, сөзімен емес, ісімен және онысын жалпақ жұртқа жариялаймы атқарып жүрген атпал азаматтардың қайырымды істері көпке үлгі.

Жастар ресурстық орталығы «Еріктілермен жұмыс жүргізу және іс-шараларды ұйымдастыру» бөлімінің басшысы Ұлмекен Асабаеваның айтуынша, Шымқалада 10 қайырымдылық қоғамдық қоры бар екен. Оның бәрі де Жастар ресурстық орталығымен бірге қоян-қолтық жұмыс істейді. Мәселен, «Ізгілікте жарысайық» қоғамдық қорында төрт аудан бойынша төрт әлеуметтік инспекторы бар. Олар қорға өтініш түскен соң отбасын толық зерттейді. Сосын барып көмек тағайындау туралы шешім шығарылады.

**ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН**

«Жаңбырменен жер көгерер, батамен ел көгерер» демекші, біз батамен өскен елдің ұрпағымыз. Ежелден ер тілегі — ел тілегі, адал ұл ер боп туса — ел тірегі. Ел бағына туған Олжас пен Асхат сияқты адал ұлдарымыз барда біздің келешегіміз кемел деп білеміз. Сөзімізді Асхат Мәуленовтің «Кез келген Жақсылықты адамнан сұрама! Берсе — міндет, бермесе — қасірет. Алладан сұрайық! Берсе — нығмет, бермесе — хикмет» деген сөзімен аяқтағымыз келеді.

Мәліп КЕНЖЕБАЙ, Шымкент қаласы







**Бірлік**

**Біраз жыл бұрын осы бір қаршадай қызды Талдықорған қаласында өтетін іс-шаралардан жиі кездестіретінімін. Түрлі байқауда топ жарып, салиқалы жиналыстарда жеке пікірін жасырмай айтып, жастыққа төн жалынды ісімен**

**көптің алқауына бөленіп жүретін. Әрине, оның түр-тұрпатына қарап, өзге ұлт өкілінің қызы екенін бірден байқайсың. Бірақ қазақ тілінде сондай тұнық әрі таза сөйлейтіні, қазақы дәстүрге жетіктігі, айналасындағы жастарға көшбасшы болып жүргенін жоғары бағалауы едік. Оның болашақта ел үшін үлкен жұмыстар атқаратынын сол кездің өзінде іштей сезінетініміз. Міне, жылыстап біраз жыл өтті. Университетті жақсы нәтижемен бітірген сол қыз қоғамдық жұмыстарға белсене араасты. Бүгінде «Jetisy media» ақпараттық орталығының бірдей бір қызметкері, жай қызмет емес, орталық басшысының орынбасары. Күн сайын түрлі шараға ұйтық болып, Жетісу жерінің түлеуі, өркендеп-өсетуі үшін тынымсыз еңбек өтетін орталықтың жұмысын үйлестіріп отырған мықты маман. Әрине, «Ол кім еді?» дейтін шығарсыз. Ол – «Jetisy media» ақпараттық орталығы басшысының орынбасары Галина Митковских.**

**Галина – интернационалдық отбасының бір мүшесі, оның үстіне қазақтың нар қасқа жігітінмен отау құрған келін, бірнеше ұлттың салт-дәстүрінен хабары бар ақылды қыз. Оның әр қырынан өзгеге үлгі, жастарға өнеге болар талай қасиетті тауып алуға болады. Галина туралы Jas qazaq газетінің бетінде жіпке тізгендей баяндап беру үшін оны әңгімеге тартып едік.**

**Жас qazaq:** Галина, әңгімеміздің әлқиссасын отбасың жайлы бастасак?

**Г.Митковских:** Мен 1994 жылы Қаратал ауданының Үштөбе қаласында дүниеге келдім. Әкем Владимир Митковских – орыс ұлтының өкілі, шешем Дина – қазақтың қызы. Әкем техниканың құлағында ойнайтын шебер адам болыпты. Еліміздің Тәуелсіздік алғанына аса көп болмаған кез. Ішкі-сыртқы көші-қон тынбай жүріп жатқан. Әсіресе, техниканың тілін білетін мамандарға сұраныстың артып тұрған шағы. Ауылдағы түрлі техниканы жөндеу тек әкемнің үлесіндегі шаруа екен. Ол кісінің шеберлігі мен адамгершілігіне тәнті алыс-жақында достары да көп болыпты. Сондай күндердің бірінде, яғни менің екі айлық кезімде әкем достарының шақыруымен Ресейдің Новосібір облысына көшеді. Жалпы осы облыс – Ресей логистикасының құртамдары. Оның үстіне, сол елдегі көлік құрастыратын ірі өндірістер де сол аймаққа шоғырланғаны белгілі. Әкем көлік жөндеу ісіне жан-тәнімен берілгендіктен, жеке қызғушылығы да сол аймаққа көшуге түрткі болса керек. Менің балалық шағым Ресейдің шығысындағы сол ырысты өлкеде өтті. Ойлаған мақсатыма қол жеткенше тыным көрмейтін қатал мінезін жазы қысқа, қысы қаталдау сол өңірдің табиғатында шындалғаннан кейін де деп ойлаймын. Бірақ ол өңірдің адамдарында қаталдықтан гөрі мейірімділік басым келеді. Ол жерде әкемнің жұмысы жақсы жүріп, тұрмысымыз да жаман болған жоқ. Алайда 1999 жылы нағашы ағам қайтыс болды да нағашы апам Мынтай Оразоваға жәрдемдесу керек болды. Сонымен жақсы жұмыс, жайлы тұрмысты тастап, Қазақстанға қайта көшіп келдік. Сонымен Ақсу ауданының Ақсу ауылына қоныстанып, жана тіршілігімізді бастап кеттік. «Арыңды менің Ақсуым» дейтін Ілияс ақынның жырлары арқау болған Ақсу өзенінің бойын жағалай орналасқан Ақсу ауылы да берекесі мен пейілі кең өлке ғой. Бізді өзіне тез баурап, сіңістіріп әкетті. Оның үстіне, қазақ халқында «Нағашы жұртың – сыншыл» деген нақыл сөз бар. Сыныш ортада сындарлы болып өскенімізді мойындаймын. Шешем Дина 1967 жылы туылған, өмір бойы балаларын оқытып, тоқтытып, үй шаруасында болды.

Бір үйде төрт қыз, бір ұл ержеттік. Үлкен әпкем Жанна маркетинг-экономист, Алматы облыстық «Қоғамдық келісім» мемлекеттік коммуналдық мекемесінде жұмыс істейді. Екінші әпкем Диана К.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеттің түлегі, техникалық қауіпсіздік саласының маманы, ал Татьяна суретші, мен қыздың кенжесімін. Бауырымыз Сергей бүгінде студент, ол әке жолын қуып, техникалық мамандықты тандады. Бір жағынан, біздің отбасымыз интернационалдық отбасы деуге де келеді. Әкем – орыс, шешем – қазақ, үлкен әпкем Жанна ұлты авар Гәджи деген жігітке тұрмысқа шықты. Диана Рустам Варисов атты ұйғыр жездемізбен шаңырақ көтерді. Қазір балалы-шағалы отбасыға айналды. Өзім қазақтың нар қасқа жігітінмен отау құрдым. Оған кейінірек тоқталайық. Үйдегі бәріміз отбасымызбен жиналғанда, бірнеше ұлттың құндылығы бір жерге тоқайласып, береке мен ынтымақтың үлкен өнесін қалыптастырады.

**Жас qazaq:** Әрине, әр ұлттың берекесі бір жерден табылғанын өзі де бақыт қой. Өзің жайлы әңгімені әрмен қарай өрбітсек?

**Г.Митковских:** Әңгімеменің басында айттым, менің мінезімде екі түрлі қасиет бар. Бірі – балғын кезімде Новосібірде қалыптастырған, ойлаған мақсатымды орындағанша тыным таппайтын қағылездік, енді бірі – аумағынан өлең өріп тұратын, кеңпейілділігі шалқып,

мейірімі тасып тұратын арынды Ақсудан сінген қазақы мінез. Қазақ халқында «Аштықта жеген құйканың дәмі кетпейді» деген сөз бар ғой. Бала шақта бойыма сінген сол қасиеттер әлі күнге мені алға ұмтылдырып келеді. Одан жаман болған жоқпын. Қайта сол қасиеттер мені қастерлі жетістіктерге жетелеп келе жатыр деп айта аламын. Алғашқы мектеп табалдырығын Ақсу ауылындағы Мамания мектебінде аттадым. Бір айта кетерім, Ақсу ауылының іргесінде Жетісу өңіріндегі жанама білім берудің алғашқы қарлығашы болған Мамания мектебі болған. Бүгінде сол мектептің тағаны ғана қалғанымен, ауылдастарымыздан сол білім шаңырағы туралы неше түрлі жақсы пікірді бала күннен естіп өстік. Мен оқыған ауыл мектебіне де кейінгі жылдары Мамания деген ат берілді. Ұстаздарымыз да кезіндегі Мамания мектебі туралы жиі айтып, ауылмыздың ырысты да өркеніетті екенін ескертетін. Сондықтан бала кезде «өскенде білімді адам болуым керек» деп өзімді жігерлендіретінімін. Бірақ 9-сыныпқа дейін орыс сыныбында оқыдым. Алайда ауыл қазақы ауыл, оның үстіне қазақтың әйгілі жыр құлагері атанған Ілияс тұған, өскен жер. Оның да мысы басып тұрады. Көршілеріміздің бәрі, нағашым қазақ болғандықтан, қазақша ауыз екі тілден хабардар болып өстім. 9-сыныпты бітіргеннен кейін орыс сыныбына оқушы толмағандықтан, 10, 11-сыныпты қазақ сыныпқа ауысып оқуға тура келді. Бастапқыда тілден қатты қиындық көрдім. Өйткені ауыз екі тілді жақсы білгенімнен, қазақша ғылыми терминдерді тереңдей түсіну оңай болмады. Бірақ талпынып жүріп, бәрін үйрендік қой. Десе де, мектепте, аудан көлемінде, республикада өтетін мәдени, әдеби, ғылыми шаралардан қалмайтынмын. Біраз жетістіктерім болды.

2011 жылы орта мектепті бітіріп, физиканы тандау пәні етіп алған едім. Нәтижесінде Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің машина жасау саласының ақылы бөліміне түстім. Алайда өзім гуманитарлық ғылымдарға бейім болғандықтан,



# ҚАЗАҚТЫҢ КЕЛІНІ, ХАЛЫҚТЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРІ

бұл мамандықты бірден алып кету қиын болды. Сосын әкемнің ақылмен оқудан шегініп, ауылға келіп, бір жылдай үйде дайындалдым. Келесі жылы І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетіне құжаттарымды өткізіп, журналистика мамандығына оқуға түстім. Осы университеттегі өмірім менің қоғамдық жұмыстарға белсене араласу, журналист ретінде қалыптасуға түрткі болды. Университетте «Ілияс оқуларына» жиі қатысатыным. Байқауларда орыс қызының қазақша сәңкылдап айтып тұрғанын көрген әділқазылардың маған бүйрегі бұратын. Университетте тілге бейімдеп, қаттары қалып қазақ тілін терең меңгеруге жетелеген ұстазым Менсұлу Сәлімгереева болды. Менің қазақ тілін жетік меңгеруіме сол кісінің көп көмегі тиді. Облыстық, республикалық байқауларға қатыстырып, үнемі жебеп отыратын. Сол кісінің тәрбиесінің арқасында облыстық байқауларда бас жүлдені бермейтінмін, республикалық «Ілияс оқуларында» III орын иегері болдым. Мен үшін бұл – үлкен жетістік. Оның сыртында Алматы облыстық тіл басқармасы тарапынан өтетін байқаулардың сан мәрте жүлдегерімін. Студент кезімнен облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшелігіне қабылданып, Атсалим Идигов ағамыз басқаратын жастардың «Парасат» клубына алғашқы тәжірибеден өттім. Қазақстан Халқы ассамблеясының XIII сессиясына Алматы облысының делегаты ретінде қатысып, өз пікірімді білдіріп қайтқан едім.

Жалпы оқушылық, студенттік шақтардағы жетістіктеріме екі түрлі нәрсе әсер етті. Бірінші, өз бойымдағы жаңалыққа құштар, жақсылыққа бөіім ізденгіштік рух. Екіншісі, өз ана тілімен бірге қазақ тілін терең меңгерген ұғымталдығым. Қазақ тіліне деген махаббатым. Оған Ілияс жырларына деген сүйіспеншілік те әсер еткен шығар. Өйткені мен Ілияс Жансүгіровтің ауылынанмын ғой.

**Жас qazaq:** Сонда көп жетістікке жетуіңе қазақ тілін жетік білетінің сеп болды ма?

**Г.Митковских:** Менің тағдырымда мемлекеттік тіл үлкен рөл атқарды, сол үшін анама өте ризамын. Ол маған оқу мен өмірде пайдалы болатын білім берді. Мектеп және студенттік жылдары мен қазақ тілінде өтетін түрлі әдеби байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болдым. Лев Толстой «Адамның адамгершілігі оның сөзге деген көзқарасынан көрінеді» дейді. Мен ең алдымен орыс ұлтының өкілімін. Ана тілімнен бас тарту мен үшін ұят болар еді. Ақын Қадір Мырза-Әлі

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» дегендей, әрбір адам бірінші кезекте өз ана тілі мен туған халқының мәдениетін білуі керек. Әрине, мемлекеттік тіл, Ту, Елтанба, Әнұран – мемлекеттің символы. Ол елдің барлық азаматтарын біріктіреді. Мен қазақ тілін білгенімді мақтан етемін.

**Жас qazaq:** Жұмыс бабы қалай болды?  
**Г.Митковских:** Жоғарыда айтқандай, қоғамдық жұмыстарға университеттегі кезімде араластым. Облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясына мүше болып, «Парасат» клубының жұмысына араласқаннан бастап, қоғамдық жұмыстардың қыры мен сырына қаныға түстім. 2014 жылы қорғаушы болып жүрген әкемінен айырғып қалдым да, бір жағынан оқып, қосымша жұмыс іздей бастадым. Өйткені оқудағы үлгерім жақсы әрі қоғамдық шараларға жиі қатысып, бой үйреніп қалған. Оның үстіне, бір нәрсе істесем, нәтижеге жетсем деген жастық жалын да тыныштық бермейді. Сөйтіп бұлқынып жүрген бір күні: «Алматы облыстық ішкі саясат басқармасының жанынан өңірлік коммуникация орталығы ашылыпты, журналист керек екен» деген хабарды естілім де басқарма басшысы Рүстем Алпысбаевтың алдынан бір-ақ шықтым. Бірақ басқарма басшысы: «Сіздің мінезіңіз ауыр, бұл жұмысқа жарай қояр ма екенсіз?» деді де: «Жарайды, алдымен істеп көріңіз, ары қарай көрейік» деген ағалық қамқорлығын танытты. Сол күні маған Кербұлақ аудандық әкімімен өтетін брифингке атсалысуым тапсырылды. Кербұлақ ауданы әкімдігінде өткен жиынды Жанна Арынбекова жүргізіп, мен өту барысынан материал дайындап, өзімнің біліктілігімді бірінші рет дәлелдегенді болдым. Сонымен Алматы облыстық өңірлік коммуникация қызметіне алғаш жұмыс тәжірибесіне орналасқан алғашқы студент атандым. Басында төрт адам істеген мекеменің жұмысы жыл өткен сайын ауқымдала түсті. 2016 жылы университетті бітірген соң, бірден Алматы облыстық коммуникация қызметіне жұмысқа қабылдандым. Қатарымызға жаңадан жастар қосылды. Өткен жылдан бері «Jetisy media» ақпараттық орталығы болып қайта құрылды. Мен осы орталық басшысының орынбасарымын. Қарамағында екі бөлім жұмыс істейді. Бәрі де 2-3 жыл көлемінде университет бітірген жас мамандар. Басшымыз Жанна Арынбекова басшылық қабілеті, іскерлігімен озық тұрғаны болмаса, өз құрбымыз іспетті. Кілен жастар аймағымыздың келешек өркендеуі үшін шамамыз жеткенше еңбектеніп жатырмыз.

**Жас qazaq:** Орталықта қанша қызметкер бар?  
**Г.Митковских:** Отызға тарта.

Сырға тағу, ұрын келу, құдалық, бәрі болды. Үлкендердің ақ батасын алып, неке кию, бөташар жасау, сәлем салу, тағы да басқа салттар толығымен орындалды. Соның арқасы шығар, берекелі отбасының ұғығын дұрыстап қадап келеміз.

**Жас qazaq:** Қазақ халқында: «Келіні жақсының керегесі кең» дейді. Отбасында келінге тән барлық міндеттері өтейсің бе? Жок, заманауи келін болуды қалайсың ба?

**Г.Митковских:** Тек қазақ халқында емес, әлемдегі барлық ұлттың отбасылық, некелік тежем-тыйымдары болады. Оның бәрі тегіннен шықпаған дүние. Сондықтан қай ұлттың өкілі болсаң да, келін болып түскен отбасының ұлттық дәстүріне құрмет ету керек. Рас, біз – заманауи жастармыз. Айналамыздағылардың



бәрі де дүниеге, өмірге бүгінгі күннің көзімен қарап, сол бойынша өмір сүргісі келеді. Алайда отбасы институты деген ол бөлек дүние. Берекелі отбасын құрып, ұлағатты ұрпақ өсіріп, ертең солардың қызығын қызықтаймын деген әрбір келін ең әуелі сол отбасының дәстүріне құрмет ету керек. Мен осылай есептеймін. Әдетте, атамның үйіне барғанда немесе Еркеғалидың аға-апаларының үйіне барғанда басым арамал тартып, сәлем салып, қазақ отбасындағы келінге тән барлық шарттарды білгенімше атқаруға тырысамын. Енді бір жағынан мемлекеттік қызметте жүргеннен кейін түрлі шараларға қатысамын. Ол кезде сол ортаға сай киініп, айналамыздағыларға сол ортаға сай көзқарас ұстанамын.

**Жас qazaq:** Сонда жұмыста сен басшы, Еркеғали қызметкер. Оған да екі түрлі көзқарас ұстанасың ба?

**Г.Митковских:** Жок. Қазақ халқында «Алтын басты әйелден, бақыр басты еркек артық» деген нақыл сөз бар. Жұмыстағы орнымыздың жоғары-төмендігі біздің отбасылық қарым-қатынасымызға әсер етпейді. Қашанда ол отағасы ретінде менің сырласым, болашақ

**Жас qazaq:** Ортамызда жүрген Галинаны сыртқа жібермейік деп қазақтың жігіті қағып кеткен болды ғой. Еркеғали екеуінің шаңырағын биік, отбасың берекелі болсын. Қалай таныстыңдар?

**Г.Митковских:** Сөйткен-ау, тегі *(құлді)*. Әзіл ғой, Еркеғали Иманғали екеуіміздің таныстығымызға кәсіби жақтағы ортақ көзқарасымыз себеп болды. Мен негізінде журналистпен, Еркеғали – дизайнер. І.Жансүгіров атындағы университеттің дизайнер мамандығының түлегі. Жұмысқа менен кейін келсе де, тапсырмаларды орындау барысында жиі кездесеміз, жиі болмаса да іссапарларға бірге шығамыз, мәселені ортақ талқылаймыз. Осындай жұмыстағы тығыз байланыс бара-бара махаббатқа ұласты. Міне,



үйлендік. Алғашқы ұрпағымызды күтіп жүрген жайтымыз бар.

**Жас qazaq:** Қайын жұртыңның қазақ отбасы болғаны қиындық тудырмады ма?

**Г.Митковских:** Жок. Менің нағашы жұртым қазақ қой. Қазақ халқында «Жігіттің жақсы болмағы – нағашыдан», «Нағашы жұрт – сыншылы» деген жақсы сөздер бар ғой. Сондай-ақ қазақы ортада өстім, қазақ классиктерінің шығармаларын оқып, жаттап, бойыма сіңіріп өстім. Сондықтан жаным қазақ ұлтының құндылықтарына суарылып тұр деп айта аламын. Атам – Мейрам, анам – Райхан, қайынағамыз Сұңғат, қайын сіңілім Мерей де тәрбиелі отбасының адамдары.

**Жас qazaq:** Үйлену тойларың қай ұлттың жол-жоралғысы бойынша болды?

**Г.Митковских:** Әкеміз біздің үйлену тойымызды көрмеді. Анам әпкелерімді де, мені де өз қолымен ұзатып, құтты ұясына қондырды. Сондықтан бәріміздің тойымыз қазақтың салт-дәстүрі бойынша өтті. Еркеғали екеуіміз осы жылдың басында үйлендік. Пандемияға байланысты дүркіретіп той жасай алмадық. Бірақ Еркеғалидың отбасы да қазақы салт-дәстүрді берік ұстанған, иманжүзді адамдар.

балаларымын әкесі ретінде үлгі бола береді.

**Жас qazaq:** Еркеғали екеуің екі ұлттың өкілі болғандықтан, ас мәзірі, мереке-мейрамға дайындалу, қонақ күту дегенде қайшылықтар туындап қалмай ма?

**Г.Митковских:** Бізге ешқашан бір-бірімізге қиын болған емес. Керісінше, әрқашан қызық. Әсіресе, мерекелерде біз айырмашылықтар мен ұқсастықтарды табамыз. Дәстүрлер бір-бірімен араласып, бірін-бірі толықтырса, одан өткен қуаныш бар ма? Мүмкін, сондықтан да біздің еліміздегі көп ұлттар бір аспан астында бейбітшілік пен келісімде өмір сүріп жатыр. Себебі халықтар арасындағы достық пен олардың бірлігі – ел бірлігінің кепілі.

Үйленгеннен бері екі үлкен мерекені атап өттік. Пасха мерекесі кезінде Еркеғали жұмыртқаларды бояды. Ол дизайнер емес пе? Неше түрлі жаңа өрнектер ойлап тауып, бәрімізді таңғалдырды. Наурыз мерекесі де береке-бірлікпен өткіздік. Қысқасы, біз екеуіміз де екі ұлттың дастарханын, мерекелік шараларын, отбасылық құндылықтарын барынша құрметтейміз.

**Жас qazaq:** Сендердің берекелі отбасын құрып, ынтымақты өмір сүріп жатқандарыңды түсініп, қуанып отырмын. Әрқашан осы берекелен аярымандар деп тілеймін. Әрине, елімізде өздерің сияқты отбасылар көп. Сол берекенің қайнары неде?

**Г.Митковских:** Оның бірден-бір себебі – елімізде басқа елдерде баламасы жоқ Қазақстан Халқы ассамблеясы деген институттың болғандығында деп білемін. Елбасының қолдауымен құрылған Қазақстан Халқы ассамблеясы этнос өкілдерінің тілі мен ділін, салт-дәстүрін, әдеті мен ғұрпын өркендетуге мүмкіндік берумен қатар, отбасы құндылығын дамыту, берекесін сақтауға да үлес ықпал етіп келеді. Өйткені дәл осы ата-қоныс бізді бір арнаға тоғыстырып, мақсат атты арғымаққа мінгізіп, Хан тәңірі іспетті биік шыңды бағындыруға ықпал етті. Мұқағали Мақатаевтың үніне құлақ ассақ: «Отан! Отан! Бәрінен биік екен. Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем» демекші, мен үшін қасиетті мекенімнің әр тасы қымбат, әр күні қадірлі. 130-дан астам ұлт пен ұлыс мекен ететін қарашаұрақтың әрбір тұрғыны ел іргесіндегі тыныштық пен бейбітшіліктің қадіріне жетіп келеді. Өйткені бұл – жарқын болашақтың кепілі. Біздің мемлекетіміздің басты жетістігі – еліміздің халықтарының ұлтаралық және конфессияаралық келісімі, сондай-ақ өзара түсіністігі мен сыйластығы болып табылады. Еліміздің басты қорғаушы күші – этносаралық үйлесім екені ақиқат. Оны сақтау Қазақ елінің алдында тұрған басты міндет. Қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық – біздің ең маңызды байлығымыз екенін естен шығармауымыз керек.

**Жас qazaq:** Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен Қажет АНДАС,  
Алматы облысы

**Сұхбат**

Еркін күрестен Қазақстан ұлттық құрамасының мүшесі болған Әлихан

Жұмаевтың болашағынан үлкен үміт күткендер көп болды. Бірақ талантты балуанның кәсілі күресіп, өзін дәлелдейтін додаларда бағы жанған жоқ. Азия чемпионатының жүлдесіне сынық сүйем жетпей тоқтады. Әлем біріншілігіне салып көрді, іріктеуден ірікпеді. Бүгінде спорттық мансабын аяқтап, басқа сала – құрылысты өрістетіп жүрген спортшымен сұхбаттасудың сәті түскен еді.

**Жас қазақ:** Әлихан, ең алдымен өзінің туып-өскен ортан жайында айтып берсең.

**Әлихан Жұмаев:** 1987 жылдың 14 қаңтарында Алматы облысы Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылында өмірге келдім. Осы жерде орыс сыныбында білім алдым. Мектепті бітірген соң Түркияда жоғары оқу орнына сынақ емтиханын тапсырып, қабылдандым. Бір жыл бойы түрік, ағылшын тілін оқып, екінші жылы қаржыгер мамандығы бойынша оқуға түстім.

**Жас қазақ:** Бірақ Қазақстанға қайта оралдың.

**Әлихан Жұмаев:** Иә, күреске деген ынтызарлығым тартқан шығар, Қазақстандағы жоғары оқу орнына ауысып келіп, өз елімде білімді жалғастырдым.

**Жас қазақ:** Ата-бабаларың жергілікті тұрғындар ма?

**Әлихан Жұмаев:** Жок, әкемің әкесі Тамел Жұмаев 1950-жылдары Грузиядан сталиндік жер аудару саясаты кезінде Алматы облысына мәжбүрлі түрде көшіп

жүлдесіне таласта үндістандық балуанға есе жібердім.

**Әлихан Жұмаев:** «Әттеген-ай» деймін кейде, қолда тұрған қола медаль еді.

Үндістандық балуанды да еркін ұтуға орай туды. 2013 жылы Әлем кубогының алдында

жылы Татарстанның астанасы Қазан қаласын дүбірге бөлеген бүкіләлемдік Жазғы универсиада ойындарында қола жүлдегер атандым.

**Әлихан Жұмаев:** Алғашқы айналымда Бразилия балуаны Жуан Битенкуртты



**Әлихан ЖҰМАЕВ, еркін күрестен әскерилер арасында Әлем чемпионатының күміс жүлдегері:**

# СЫРҚАТЫМ СЫР БЕРМЕГЕНДЕ...



келген. Ұзынағашқа тұрақтап, жергілікті казактардың қамқорлығы мен демеуінің арқасында өсіп-өніп үлкен әулетке айналды.

**Жас қазақ:** Күрес өнеріне қызықтырған, баулыған кім? Жалпы осы спортқа қызығушылығыңды оятқан кім?

**Әлихан Жұмаев:** Менің көкем, әкемің бауыры Әсет Жұмаев кезінде еркін күреспен шұғылданған. Тіпті КСРО-дағы түрлі турнирлерге де қатысып, жүлде де алды. Осы кісінің күрес өнеріне қызығушылығы мені де елітті, балуан болсам деп талапталдым. Сол ынтызарлық күрес кілеміне жетелеп әкелді.

**Жас қазақ:** Алғашқы бапкерің кім, қай жердегі күрес үйірмесінен қанаттанып ұштың?

**Әлихан Жұмаев:** Атабек Әлиев деген алғашқы бапкерімнен белдесудің қырсырын үйірдендім. Ұзынағаш ауылында күрес үйірмесіне жазылып, спорттағы алғашқы қаламымыз осылай басталды.

**Жас қазақ:** 2016 жылы Македонияда өткен әскерилер арасындағы әлем чемпионатының финалында ресейлік Абдусалам Гадисовтан ұтылып, күміс медальді місе тұттың. Финалда әлем чемпионы Гадисовқа есе жібердің, не жетпеді?

**Әлихан Жұмаев:** 2015 жылы Әлем чемпионы деген атаққа ие болып, дүниежүзінің таңдаулы балуандарының көшін бастаған Гадисовпен финалда жолым түйісті. Көпшілік жанкүйерлер біле бермейді, осы доғаға жүрер алдында тіземнен ауыр жарақаттандым. Сінірім созылып қалып, Македонияға барған соң, бір апта ешқандай жаттығу жүргізе алмадым. Тек жарысқа қатысып, финалда дейін алқынбай жеттім. Ал әскерилер арасындағы әлем чемпионы деген атаққа таласта Абдусалам Гадисовке қарсы күресерде аяғымның сырқаты сырқырағанда жаным көзімнің ұшына келді. Шегінерге жол қайда, артта қалың ел үлкен үміт артып отыр. Не бел кетер, не белбеу үзілер деп тіземді байлап алып, тәуекелмен кілемге шықтым. Шандып танып шыққандықтан, тізем бүгілмей қалды. Былайша айтқанда, бір аяқпен күрестің десем де болады.

**Жас қазақ:** Азия біріншіліктеріне қатыстың, 2014 жылы Нұр-Сұлтан қаласында өткен құрлық аламанының қола

ертеректе пайда болған бел омыртқамның жарығы қатты мазалады. Жаттығу жасау былай тұрсын, аяғымды басу мұңға айналды. Бір айға жуық Талдықорған қаласында емделдім. Жарақатым жазылды, бірақ әлем кубогына бара алмадым. Одан кейін 2014 жылы Нұр-Сұлтан қаласында Азия чемпионаты түңлігін түрді. Бапкерлер үлкен сенім артып, жүктемені иығма салып берген соң жаттығуға аянбай кірістім. Дайындықты күшейту мақсатында темір көтеріп жүріп белімнің сырқаты қайта мазалады. Қатты күш салсам, шойырлықты тіктеле алмай қалатын болдым. Сонда да сырқатымды жасыра жүріп, жарысқа шықтым. Қазаққа «женілгеннің сөзі құрсын» дейді, өкінбеймін дей алмаймын. Бұйырмаған екен, оған бола бордай үгілуге болмайды деп өзімді-өзім қамшылап қоям. Мүмкін жарақатым сыр бермегенде, бабымда болғанымда, бәрі басқаша өрбитін бе еді деп те ойлаймын кейде.



**Жас қазақ:** 2015 жылы АҚШ-тың Лас-Вегас қаласында өткен Әлем чемпионатында да жолың болмады.

**Әлихан Жұмаев:** Дайындықтың кем сокқаны да себеп болған шығар, бәлкім. Жеке бапкерім, бала күнімізден күреске баулыған Атабек Әлиев АҚШ-қа баратын делегацияның тізіміне ілінбей елде қалды. Ол жақта басқа бағдарламалық жаттығу жүйесімен әзірлік өткіздік. Соның бәрінің әсері тиді деп ойлаймын. Венесуэла балуаны Даниэль Роберттиге есе жібердім.

**Жас қазақ:** АҚШ-та өткен Әлем чемпионатында атын озбағанымен, 2013

еркін ұттым, ширек финалда АҚШ елінің өкілі Мик Бурактан басым түстім. Өкінішке қарай, жартылай финалда украиндық Павел Олиникке есе жіберіп, алтынға күресу мүмкіндігін ұсымынан сусытып алдым. Қола жүлде үшін түрік Мұстафа Өздемірмен өкпем өшкенше арпалыстым. Дене күші жағынан мықты балуан екен, тәжірибесі жетіспеді ме, менің әдістеріме түсіп қала берді. Бүкіләлемдік жазғы универсиада ойындарында өзімнің әлеуетімді толық көрсете алдым деп айтпаймын. Себебі біз Қазанға жиналардан бұрын Германияда халықаралық турнирге қатыстық. Дайындық кезінде де, жарыс барысында да біраз күшіміз сарқылды. Универсиада бәйгесінде қайратымның кемдігін бірден байқадым.

**Жас қазақ:** Спорттық карьеранда мына елдің балуанмен жолым түйіспеді, күресіп, күшімді сынап көрсем болар еді деген спортшы бар ма?

**Әлихан Жұмаев:** Таразылар болсам, өзімнің күрескен салмағымдағы әлемнің тегурінді балуандарының басым көпшілігімен белдестім. Бірде жеңдім, бірде жеңілдім дегендей. 2016 жылы кәсіби спорттағы мансабымды аяқтағанда, ресейлік Абдулрашид Садулаев 96 келіге ауысып келді. Садулаевпен күресіп көрер ме едім деп кейде ойлаймын. Күш жағынан қандай тегурінді балуан болсаң, текетіресуе шама жетеді. Қанша дегенмен де дағыстандық күрес мектебінің өнері өзгеше. Дағыстандықтар көкпарды тарта алмауы мүмкін дәл біздей. Бірақ олар мектептегі сабағына қатыспаса, аса аландамайды, ал енді күрес үйірмесінен қалмайды. Содан кейін де күрес десе, жанын беріп, үлкен жетістіктерге жетіп жүр. Міне, осындай үлкен мектептен шыққан талантты балуандармен күшіміз тең келгенімен, техникалық, тактикалық әлеуетіміз кем соғып жатады. Кімдерге есе жібердің деп сұрап болсаңыз, дағыстандық балуандарға көбіне «азу тісім бата қоймады».

**Жас қазақ:** Еркін күрес балуандарының дені кейін аралас жекпе-жекке кетіп жатады. Отызға толмай күресті доғардың. Өзіңде де ой болмады ма, ММА-ға ауысатын?

**Әлихан Жұмаев:** Жок, шынын айтқанда, күрестен шаршадым. 10 жасымда күрес күрестен киіп Атабек Әлиев ағайымыздың алдына барғаннан өмірімнің жиырма жылын белдесумен өткізген екем. Жарақаттарым да жиі мазалады. Күресті ерте қойдым. Әлем чемпионатының, Олимпиаданың жүлдесін алмадым деп өкінбеймін. Спорттың арқасында көп жерді көрдік, ел араладым. Көптеген достар таптым, араласатын жолдастарымыз қаншама. Шетелге барсақ та, бізді казак деп біледі, Қазақстан дейтін ынтымағы ұйысқан елде туғанымызды әрқашан мақтан етіп жүреміз. Басқа ұлттың баласы деп ешкім бөліп-жарып, кеудемізден итерген емес. Керісінше жақын тартып, бауырына баса түсуге даяр тұрады. Этносаралық келісімді, қоғамның толеранттылығын, халық бірлігін нығайтуды қамтамасыз ететін Қазақстан Халқы ассамблеясы бар. Қазақстан халқының тілдері мен дәстүрінің өркен жаюына, дамуына серпін береді. Спорттағы азды-көпті жетістігіме де шүкіршілік айтамын. Қазір енді спортта емес, құрылысты өрісетіп, осы сала бойынша кәсібімізді дөңгелетіп келеміз.

# SPORT

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

## Оқшау ой

Осы күнде шайбалы хоккейден әлемнің таңдаулы құрамалары арасындағы әлем чемпионаты Латвияның Рига қаласында өтіп жатыр. Юрий Михайлис баптайтын Қазақстан құрамасы теп-тәуір ойын өрнегін көрсетіп келеді. Күні кеше «әлем чемпионы» деген атағы бар Финляндия құрамасын ұтты. Оның алдында Латвия құрамасын да булит сериясында 3:2 есебімен жер соқтырып кеткен болатын.

Айтпағымыз басқа біздің. Латвияның астанасында басталған әлем чемпионаты пандемияның әлі де күш алып тұрғанына байланысты көрерменсіз өтіп жатыр. Латвия хоккей федерациясы көрермендер отыратын орындарға әр елдің жанкүйерлері бейнеленген суреттерді қатырып қойды. Міне, осы қалың суреттің қартасында хоккейден Қазақстан ұлттық құрамасы жанкүйерінің суреті тұр. «Жаны күйіп отырған» кім дейсіз ғой? Борат. Кәдімгі біздің елдің бас ауруына айналған Саша Барон Коэн.

Шыққан тегі британдық болып саналатын актер, сайқымзақ Саша Барон Коэннің есім-соы біздің елге 2006 жылдан бері жақсы таныс өзі. Осы жылы «Борат – 1»

## БІЗДІҢ ЕЛДІҢ ЖАНКҮЙЕРІ БОРАТ ПА?



деп аталатын киносын түсіріп, әлем алдында Қазақстанның беделіне батпандап нұқсан келтіруге тырысты. Қазак қоғамы өре түрегеліп, қарсылығын білдірді. Олай ететін де жөні бар, тарихы тым тереңге бойлап кеткен казак елінің бүгінгі болмыс-бітіміне күіе жағуды көздеп, жабайлықты жамауға құлшынған Бораттың киносы Қазақияның қызуын бір көтерген еді. Режиссер Еркін Рақышев Коэнге қарсылығын білдіріп «Менің ағам Борат» деген фильм де түсірді. Арада 14 жылдай уақыт өткенде Борат тағы бой көрсетті. Бұл жолы «Борат-2» деген картинасының тұсаукесерін әлемнің бірнеше елінде өткізді. Былтыр күзде осы мәселеге орай «Намыс» жастар қозғалысының өкілдері АҚШ елшілігінің Алматыдағы консулығында акция өткізіп, «Борат-2» фильміне қарсы талаптары жазылған хатты тапсырған болатын. АҚШ-тың Қазақстандағы елшілігіне қарасты Алматыдағы бас консулына атына жазылған қарсылық хатты өткізген жастар аталған фильмге тыйым салуды талап еткен-ді. Елдің беделіне нұқсан келтіретін мұндай келенсіз жайтқа жақ ашпаған сыртқы істер министрлігін заң аясында шара қолдануға шақырған да еді. Осы петицияны тапсыру кезінде «Намыс» жастар қозғалысының жетекшісі Максат Мамдияров қайтарып, қағып тастамаса, бұдан да өткен сорақалықтар шығуы мүмкін екенін ескерткен де.

Ал мынаны хоккейден әлем чемпионатын өткізіп жатқан ригалықтардың бізге деген «риясыз көңілі» деп қабылдаймыз ба, жоқ, әлде елдің беделін төмендетудің тәсілі деп түсінеміз бе, басқалар бізді Борат деп біле ме? Көкөйде күрмелген осындай сан түрлі сауал бар. Кезінде «Борат-1» фильмі ұйқымызды қашырғанда, әлемнің кейбір елдері бізді жер жүзінің картасынан көрсете алмайтыны да айтылды. Ауғанстанмен шатастырып алатындар үшін Қазақстан «Борат» бейнесінде елестетеді. «Ауруын жасырғанның өлімі әшкере» дейді казак. Жасыратыны жоқ, осы Саша Баронның «шедеврлері» жарнамасы жағынан небір ауқымды шаралардан асып түсті.

Латыштар казактың талантты тұлғаларын танымауы мүмкін. Есесіне, бір емес екі бірдей фильм түсіріп тастаған Боратты бес саусақтай біледі. Білген соң да Қазақстан ұлттық құрамасының жанкүйері деп жасаған макетке басқаның емес, осы Бораттың бейнесін салып отыр.

Сыртқы істер министрлігі тарапынан, басқа да құзырлы мекемелерден қарсылық нотасы жолданып, тоқтау салмаса, Борат әл-әзір бізден айрылмайтын сияқты.

### Еркін РАҚЫШЕВ, режиссер:

— Латвияда өтіп жатқан хоккейден әлем чемпионатында ұлттық құрамасының жанкүйері ретінде Бораттың суретін Ілуі бул біздің елді мазақтау деп қабылдадым. Саша Барон Коэн деген сайқымзақ қазақ деген ұлттың, Қазақстан мемлекетінің имиджіне нұқсан келтіріп, салт-дәстүрімізді қорлап, фильм түсірді. Бораттың осындай оснадар әрекетін біле тұра, ригалықтардың осындай қадамға баруын қалжың деп қалай қабылдаймыз? Хоккейден әлем чемпионатын өткізуі ел кеішірі сурауын талап етуіміз керек. Қарсылықты хоккейшілеріміз көрсеткені жөн болар еді. Муз айдынының үстінде бойкот жариялап, сайысқа қатысудан бас тартып, мінез көрсеткенінде. Делегациямен бастан барған спорт басшылары да «мәу» деп қарсы пікір айтпағандықтан да Бораттың суреті қасқайып тұр ғой. Егер де сол сәтте қарсылық танытқанда макетті алып тастайтын еді.

Бораттың ұлттық құндылықтарымыз бен мемлекетіміздің имиджіне кір келтіріп, фильмдер түсіруіне кейде өзіміз де айыптымыз. Біріккен Ұлттар Ұйымы жүргізген зерттеу бойынша елімізде кедейшіліктің кебін киіп отырған адам қаншама. Осындай өзімізді-өзіміз жасарлықтай алмай отырып, Африканың кедей елдеріне көмек ретінде бірнеше миллион АҚШ долларын бердік. Өзінің аузын аққа жарымай отырып, өзегінің қағанағын қарық қылуға құмармыз. Дарақалығымыз басым, даңғазамыз да даңғайыр. Жеріміздің асты да үсті де қазба байлыққа тұнып тұр. Жеріміздің көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орындамыз, бірақ басына әжеке баспана салып алуға адамдар 10 сотық жер ала алмайды. Сөзіміз бен ісіміз қабысқан емес. Ұлттық идеологияның туғыры нық тұрып, халық билікке сенетін күн туып, дамыған елдердің даңғылына түсіп, көшіне ілескенде ғана бізді бораттар мазаламайды. Жемқорлық пен парақорлықтың парқы шарықтап тұрғанда, біз саяхаттардан құтыла алмаймыз. Сапалы ұлт қалыптасып, әділеттілік жолымен жүріп, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтайтын буын алмасып, билікке келгенде ғана Коэннен құтылатын күн туады деп сенемін.





**ЕА БЫРАҢҒИ**

**Жер жәннаты**  
**Жетісу – көптеген ұлт пен ұлысқа пана болған мекен. Олар бүгінде бір-бірінің мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігін сыйлай отырып, бір аспанның астында тату-тәтті өмір сүруде. Алматы облысындағы татар-башқұрт этномәдени орталығының жетекшісі Илдар Юлдабаев: «Ең басты байлық – көпұлтты елдің татулығы», – дейді. Біз орталық жетекшісін өңгімеге тартып, еліміздегі татулықты, достықты нығайтуға бағытталған тың жоспарымен бөлісуін өтіндік.**

**Жас qazaq:** Илдар мырза, өзіңіз басқарып отырған татар-башқұрт этномәдени бірлестігінің қызметі жайлы әңгімелеп берсеңіз. Бірлестік облыстағы ұлттар достығын нығайтуға елеулі үлес қосып келеді ғой?

**И.Юлдабаев:** Ең алдымен, татар-башқұрт этномәдени орталығының тарихымен таныстыра кетейін. Біздің орталық 2006 жылы құрылды. Орталықтың негізін қалаушы – Гриф Хайруллин. Ол – еліміздегі татар-башқұрт қоғамдық бірлестігінің вице-президенті. Педагогика ғылымдарының докторы. Бүгінде дейін халықтар достығын нығайтуға көптеген игі істер атқарылды. Халықтар арасындағы татулықты нығайтуға еліміздегі барлық ұлт өкілдері үлес қосып келеді. Соның ішінде біздің орталық та аянып қалмады. Біздің этнобірлестіктің орталығы Алматы облысы Жамбыл ауданына қарасты Ұзынағаш ауылында орналасқан.

Бүгінде дейін Ассамблея еліміздегі татулықты сақтауда көптеген ауқымды жұмыстар атқарды. Бұл да үкіметіміздің халықтар достығын сақтауға бағытталған саясаты деп білемін. Ассамблеяның негізгі



сақтау болатын. Ұлттарды бір-бірінен алаламау. Әр этностың тең дәрежеде дамуына еркіндік беру. Мәдениеті мен тарихын насихаттауға мүмкіндік беру. Елбасының көздеген мақсаты халықтар достығы деп ойлаймын.

**Жас qazaq:** Өткенде бір этнобірлестік жетекшісі «Қазақстан Халқы ассамблеясы бүгінде өз миссиясын орындады. Енді Ассамблеяға жана формат, өзгеше бағыт берілу керек» дегенді айтты. Сіз осы пікірмен келісесіз бе?

**И.Юлдабаев:** Менің ойымша, жана формат іздеудің қажеті жоқ. Ассамблеяның алға қойған нақты ұстанымдары бар. Бүгінде сол ұстанымның арқасында жолымыз – ашық, мақсатымыз – айқын. Болашағымыз баянды. Қазақстан Халқы ассамблеясының жыл сайынғы сессиялары тек Қазақстан азаматтары – түрлі ұлт өкілдерін ғана емес, біздің елде өмір сүріп, еңбек ететін басқа да елдердің азаматтарының басын біріктіріп отыр. Сонымен қатар Қазақстан халықаралық диалог пен жаһандық шешім қабылдайтын

**Илдар ЮЛДАБАЕВ:**

**ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ КӨЗДІҢ ҚАРАШЫҒЫНДАЙ САҚТАУЫМЫЗ КЕРЕК**

мақсаты – елімізде өмір сүріп жатқан әр ұлтқа тілін, дәстүрін, мәдениетін сақтай отырып, олардың әрі қарай дамуына серпін беру. Әр ұлт бір-бірінің мәдениеті мен тарихына сыйластықпен қарап,

алаң ретінде, өз мойнына аса үлкен жауапкершілікті алып отыр.

Ассамблея тұрақты дамып келеді, сондықтан да мен оның бейбіт өмір және өзара сенім дейтін басты мұраттарға адал барша жұрттың басын бір арнаға біріктіре беретініне сенемін. Нұрсұлтан Әбішұлы былай деген еді: «Тұрақтылық пен ынтымақ – жылдан-жылға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса беретін күнделікті үлкен жұмыс. Ұлы пен ұлтына қарамастан әр қазақстандық оны көздің қарашығындай сақтау керек». Біздің этнобірлестік осы бір қанатты сөзді өмірлік қағида ретінде үнемі есімізге түсіріп отырады. Сондықтан еліміздегі тыныштыққа әр ұлт өкілі жауапты. Әрі сол жауапкершілікті сезінеді деп ойлаймын.

**Жас qazaq:** Бірлестіктің болашаққа деген жоспары қандай? Алдағы уақытта қандай жұмыстар атқарылады?

**И.Юлдабаев:** Әрине, елімізде тұрып жатқан әр ұлт өкілі сияқты, біздің де алдымызда тұрған басты міндет



береке-бірлікте өмір сүріп жатыр. Менің ойымша, Ассамблея алдына қойған басты мақсатын орындады. Қазақтар қиын кезеңде жер аударылып келген әр ұлттың өкілін асқан бауырмалдықпен қарсы алды. Сол бауырмалдық күні бүгінде дейін өзгерген жоқ. Біз тек татулық пен бірліктің арқасында күшті мемлекет қалыптастыра аламыз. Еліміз жүргізіп отырған саясатын да көздегені – татулық, бірлік, достық. Біз бұл саясатты қолдаймыз. Өз тарапымыздан аянбай қолдау көрсетеміз.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Ассамблеяны құрудағы негізгі мақсаты да елдегі толеранттық, яғни төзімділікті

– елдің тыныштығы. Біздің бүгінгі мақсатымыз – жастармен жұмыс істеу. Өйткені қазір жастарға барлық жағдай жасалған. Интернеттің мүмкіндігі жоғары. Қазір біз жастарымызға өз ұлтының мәдениетін сақтай отырып, өзге де ұлттың мәдениеті мен тарихын таныстыруды алға қойдық. Тарихын білмеген адам, болашағынан да хабарсыз. Сондықтан ең алдымен біз жастардың тарихты білуіне мән береміз.

**Жас qazaq:** Бізге уақыт тауып, сұхбат бергеніңізге рахмет!

**Мақпал НОҒАЙБАЕВА,**  
Алматы облысы



Қазір Ұзынағаштағы медициналық колледждің директорымын. Біздің колледжде әр ұлттың балалары білім алады. Біз жас ұрпақтың тәрбиесімен айналысуға баса мән береміз. Өйткені ертеңгі болашақ – жастардың қолында. Біз оларға патриоттық тәрбие беру арқылы атадан балаға мұра болып қалатын құндылықтарды бойына дарыта аламыз. Жастарымыз бір-бірінің салт-дәстүрін, тілін, тарихын білуі керек. Әрі құрметтей алуы керек. Қазақстан посткеңестік республикалардың ішінде ұлтаралық жанжал болмаған жалғыз ел десек, қате айтпаймыз. Кезінде Қазақстанға тағдырдың жазуымен талай ұлттың өкілдері қоныс аударды. Олар мұнда келуге мәжбүр болды. Елін, жерін тастап, жат елге келіп, өмір сүруге тура келді. Бастарынан өткен қиындыққа қарамастан, өздерін бауырындай құшағына басқан қазақтай дарқан елді ата-бабаларымыз мақтан етіп айтып отырады. Енді Қазақстан осында келген әр ұлттың ортақ Отанына айналды. Балаларымыз бейбіт елде өмірге келді. Ұрпақ өрбіттік. Осының барлығы көпұлтты елдің татулығының арқасында деймін.

**Жас qazaq:** Өзіңіз еліміздің ұлттар достығын нығайтуға бағытталған саясатына қандай баға бересіз?


**И.Юлдабаев:** Елімізде 130-дан астам ұлттың өкілі тұрады. Осыншама ұлттың бір аспанның астында тату-тәтті өмір сүруіне бағытталған Қазақстан Халқы ассамблеясының құрылғанын білесіздер.



**БИАЕ ЖҮРІҢІЗ!**

Күздігүні бие ағытардағы ақырғы қымызға көрші-қоланды шақыру кәдесі. Бие ағытар күні берілген қымызды «сірге мөлдіретер» дейді. Оған ауылдың ақсақалдары және үлкен аналары шақырылады. Олар риза болып, алғыс айтады, бата береді. Кейбір аймақтарда бұл дәстүрді «сірге жиыр» деп те атайды.

**Сірге мөлдірету**



**Қап қағар**

Қыс аяқталып, көктем басталғанда ет сүрленіп, азая бастайды. Сол кезде ет асылып, қонақ шақырылады. Қаптың ішіндегі ең соңғы етті асып, бөліп жегендіктен «қап қағар» деп атап кеткен. Сондай-ақ бұл дәстүр «ет қайтар» деген ұғымды білдіреді.

**С.КЕНЖЕАХМЕТҰЛЫ**

«Қазақ халқының салт-дәстүрлері» кітабынан



**Қуыршақтар әлемі**



Нұр-Сұлтан қаласының тұрғыны Татьяна Привалова бір жарым жылдың ішінде қолдан 30-дан астам қуыршақ жасады. Он саусағынан өнер тамған шебердің негізгі мамандығы – экономист. Ол бала күтімімен үйде отырған уақытын тиімді өткізуді ұйғарыпты. Осылайша шебер келіншек бос уақытында қолына қылқалам мен пластик алады. Әзірге шебердің қорында ұлттық нақышта бірнеше қуыршақтың түрі бар. Татьяна мұнымен шектелмейтінін айтады. Алдағы уақытта қазақ батырларын сомдауды жоспарлап отыр.

**Бақытжан АМАНЖОЛҚЫЗЫ**

**Бас редактор – директор**  
**Срайыл СМАЙЫЛ**

Редакция алқасы:

**Жарас КЕМЕЛЖАН** жауапты хатшы

**Ғалия ҚАЛИЕВА** компьютер орталығының жетекшісі

**Тілшілер мен қызметкерлер:**

**Гүлнар АХМЕТОВА** – экономика, нарық

**Мақпал НОҒАЙБАЕВА** – арнаулы тілші

**Қуаныш РАХМЕТ** – жастар және ғылым

**Кәмшат ТӨЛЕШОВА** – теріміші

**Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ** – web-caim

**Аймақтағы меншікті тілшілер:**

**Байкен КӨБЕЕВ** – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

**Қажет АНДАС** – Алматы облысы (8 747 706 13 82)

**Баян ЖАНҰЗАКОВА** – Атырау облысы (8 702 426 69 05)

**Мәриям АЙТБАЙ** – Шымкент қаласы

**Ернұр КЕНЖЕБАЙ** – шолушы

**Ұлдай САРИЕВА** – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор  
**Мақпал НОҒАЙБАЕВА**

**Шығарушы:**

**«Аманат Медиа» ЖШС**

Директордың

орынбасары

**Мейрамбек**

**ҚҰЛМҰХАМЕДОВ**

Бас есепші

**Расима**

**ӘКІМБЕКОВА**

**Редакцияның мекенжайы:**

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат  
(*Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы*)  
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25  
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК  
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)  
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54  
Тапсырыс – №2262;  
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым – 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Ait-Astana» әуесқалының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 күзәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарысын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.